# SARYARQA

30 шілде
2021 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№29 (8241)



КҮН ТӘРТІБІ
ОТАНДЫҚ ЕКПЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ЖЕТКІЗІЛЕДІ
2-бет

ДҮБІР
ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ТҮЛЕДІК
3-бет

ҚОҒАМ
ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫН АЛУ ТУРАЛЫ
4-бет

РУХАНИЯТ
КӨШБАСШЫҒА ТӘН ӘДЕПТЕР ҚАНДАЙ?
5-бет


САЙЛАУ-2021

## МАҢЫЗДЫ САЯСИ ҚАДАМ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу тапсырмасы биыл жүзеге асты. 25 шілдеде Қазақстан ғана емес, Орталық Азия елдері тарихында тұңғыш рет ауыл әкімдері сайланды. Қарағанды облысы аумағының 149 елді-мекенінде, соның ішінде Жезқазған қаласына қарасты Талап селосында тұрғындар ауыл әкімін таңдады.***

Айта кету керек, Талап селосында сайлау өз деңгейінде барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылды.

Тікелей таңдау жасауға мүмкіндік алған ауыл халқының да жоғары белсенділігі байқалды. Олар таңмен бірге №14 жалпы білім беретін мектебінде орналасқан №240 сайлау учаскесіне асықты. Талаптағы №240 сайлау учаскесінде барлығы 502 сайлаушы тіркелсе, оның 423-і дауыс берді.

►3-бетте

## ЖАҢА ӘКІМГЕ – ЖАҢА МІНДЕТ




***Сәрсенбінің сәтінде Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров Талап ауылының тұрғындарына жаңа әкімді таныстырды. 25 шілдеде өткен тікелей сайлау қорытындысы бойынша бұл лауазымды қызметке осыған дейін Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары болып келген Қайрат Мұратбекұлы Бапанов лайықты деп танылды. Айта кету керек, ел тарихында ауыл әкімдері алғаш рет тұрғындардың дауыс беруі арқылы сайланды.***

Қайрат Бапанов 1975 жылы Сәтбаев қаласында туған. Жоғары білімді. 1993 жылы Жезқазған ауылшаруашылығы институтын экономист-бухгалтер, 2007 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 1993 жылы Жезқазған қаласының салық инспекциясында инспектор қызметінен бастаған ол әр жылдары механик, оқшаулаушы, жетекші инженер сынды жұмысшы мамандықтармен қатар лауазымды қызметтер де атқарды. Атап айтсақ, «KM Logistic» ЖШС қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы, Жезқазған қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы директоры болды. 2018 жылы Малшыбай селосы әкімі қызметін атқарған Қайрат Мұратбекұлы 2020 жылдың 7 ақпанынан Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келді.

Бір жылдан астам уақыт қаланың коммуналдық саласына жетекшілік еткен Қайрат Бапанов 25 шілдеде өткен сайлауда Талап ауылы тұрғындарының сеніміне ие болып, 310 дауыс жинады.

►2-бетте

## КАРАНТИН КҮШЕЙЕДІ

***Жақында вице-премьер Ералы Тоғжановтың төрағалығымен ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өткен болатын. ҚР Денсаулық сақтау министрі мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Қарағанды, Атырау облыстары әкімдері де қатысқан жиында өңірлердегі эпидемиологиялық ахуал, аурудың таралу қарқыны, ауру жұқтырғандар мен оларға көрсетіліп жатқан ем-дом шаралары жайлы сөз болды. Зерттеу нәтижесіне сәйкес елдегі тәуліктік сырқаттанушылықтың 65%-ы және тәуліктік өлім-жітім жағдайларының 55%-ы Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен Атырау, Қарағанды облыстарында орын алуда. Аурудың таралу қарқынын тежеп, өлім-жітім санын азайту мақсатында комиссия аталған қалалар мен облыстар аумағында 2 тамыздан бастап карантин жағдайын қатаңдатуға шешім қабылдады. Қатаң локдаун Жезқазған қаласында да күшіне енетін болады. Бұл туралы сәрсенбі күні тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы Оңал БАЙҒОЖИНА мен Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат РАНОВА әлеуметтік желіде өткізген тікелей эфир барысында баяндады.***




►2-бетте

## ЖАС КҮЙШІЛЕР – ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Қазақ халқының төлқұжаты іспетті домбыра аспабының қос ішегінен төгілген әсем сазды әуез кез келген жанды елітіп әкетіп, тәнті етері ақиқат. Елбасы шешімімен 2018 жылдан бері Ұлттық домбыра күні мерейлі мазмұнда атап өтіліп келеді. Биылғы мереке аясында Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, ұлттық «Алтын жүрек» сыйлығының лауреаты, меценат Бекзат Алтынбеков ұлттық өнерді дәріптеп, жастардың домбыра аспабына деген қызығушылығын ояту мақсатында «Бабалардың көзіндей қасиетті домбыра» атты күйшілер байқауын ұйымдастырды. Байқау қорытындысы белгілі болған соң «Қоғамдық келісім» залында жеңімпаздармен жүздескен Бекзат Алтынбекұлы оларға ақ тілегін білдіріп, марапаттарын табыстады.

Күйшілер байқауында І орынды Аркадий Побединский қанжығасына байлады. ІІ орын Ксения Гапоненкоға бұйырса, ІІІ орынды Мирас Лекеров иеленді. Оларға Қарағанды облысы облысы ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ директоры Ә.Исабекованың қолы қойылған дипломдар табыс етілді.

Жеңіс тұғырынан көрінген Аркадий Побединский – Жезқазған музыкалық колледжінің студенті.

– Мен бала күнімнен домбыраның құлағында ойнайтын дәулескер күйшілердің өнеріне қызығып өстім. Домбыра аспабында ойнауды үйренгім келетін. Бұл арманым колледж табалдырығында ақиқатқа айналды. 2018 жылы домбыра бөлімінде оқитын Ақтөре есімді жоғары курс студентімен таныстым. Екеуміз дос болып, жақын араласып кеттік. Бір күні мен одан домбырада ойнауды үйретуін сұрадым. Ол менің өтінішімді жерге тастамай, осынау киелі аспаптың қыр-сырын, оны шертудің әдіс-тәсілдерін үйретті. Міне мен бүгінде 20-ға жуық күй білемін. Әлі де репертуарымды толықтыру ойым бар, – дейді ол.

Байқауда Сейтектің «Сексен ер» күйін орындаған Аркадий ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.




**Ай СҮГІР**

Тәуелсіз, дербес мемлекеттің ертеңіне салауат, бүгінгісіне тәуба, болашағына үмітіміз үзілмесін деген ниетпен қарасақ, ең алдымен, ұлтымыздың болмыс-бітімін, кескін-келбетін танып қана қоймай, өзгеге ұсынар асылымыз қайсы деген сұраққа жауап беру үшін халық тарихында өшпес із қалдырған, аңыз ретінде айтылып жүретін, ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын, үлгі-өнеге болатын данагөй, кемеңгер ел ағаларын атар едік. Осындай өңіріміздің асыл перзенттерінің бірі – өз ортасында шешендігімен, жыршы-жыраулығымен танылған халық ақыны Иманжан Жылқайдаров. Халық ақындарын, әдетте, халық жүрегінің құлақ күйі, көңіл сарайының бұлбұлы деп есептейді. Бұқараның бұл талантты өкілдері өз дәуірінің тынысын бағып, кескін-келбетін бейнелеп отырды. Тек азат ойлы, бұқара мұңын жоқтайтын ақындар ғана халық зарын, езілгендер мұңын батыл айтып, өршіл үні мен өткір жырын құрал ететін.

## ЕКІ ДӘУІРДІҢ КУӘСІ

Жезқазған қалалық мемлекеттік архивінің №289-шы жеке тектік қор иесі белгілі өлкетанушы Сүтемген Бүкіровтың құжаттарында халық ақыны Иманжан Жылқайдаров туралы мәліметтер жинақталған. Бұл құжаттарда Иманжан ақынның фотосуреттері, араб тіліндегі қолжазбалары, құттықтау хаттары, Иманжан ақын туралы қор иесі Сүтемген Бүкіровтың жазған қолжазбалары, ақынның Тайғара Оңайбекұлымен жұмбақ айтысы топтастырылған.



Иманжан Жылқайдаров 1886 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында дүниеге келген. Иманжанның әкесі Жылқайдар от ауызды, орақ тілді шешен болған. Ал, анасы Қалипа атақты Жәуке батырдың інісі Шоңның қызы, ақылына көркі сай жан болған екен. Иманжан атақты Сәмбет күйшіден домбыра тартуды үйренеді. Ескіше оқып хат таниды. Зерек те, алғыр Иманжанның білімге құштарлығын байқаған алғашқы ұстазы Әмірғали Құлтыбайұлы оған: «Ақын болғың келсе шығыс шайырларынан оқып үйрен» деп кеңес беріп, өзі оған араб, парсы, шағатай тілдерін үйретеді. Жастайынан өлең-жыр, домбыраға құмар болған Иманжан есейе келе серілік, салдық, ақындық жолға түсті. «От жалындай лапылдаған жастық албырт шақ жігітке не істетпейді, жас шағымда салдық құрып, ән салып, ел аралап жүрген кездерім де болды» дейді Иманжан Жылқайдаров бір сөзінде. Иманжан ақын жастайынан ел ақсақалдары мен шешендердің жүрек пернесін дәл басатын ділмарлардың нақыл сөздерін жадына түйіп өсіп, халық даналығының шежіресі іспетті болған адам. Сонымен бірге ел арасында көп тараған әлеуметтік-тұрмыстық маңызы бар мысал, жұмбақ, жаңылтпаш сөздер мен өлеңдерді де құмарта жинастырған жан. Имекеңнің бұл еңбектеріне 1940-1950 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясы зор баға берді. Қазақтың көрнекті ғалымы, филология ғылымдарының докторы Есмағанбет Смаилов Иманжан қариядан алған тарихи материалдарға ризашылық білдіріп: «Ел басынан кешкен тарихи оқиғалар туралы аңыз-әңгімелерді, өлең-жырларды, тарихи фактілерді көп білетін үлкен жыршы, әңгімеші» деп зор баға берген.

Иманжан ақынның өлеңдері мен жырларының негізгі тақырыбы Отан, туған жер, елдік пен ерлік, адамгершілік болып жалғаса береді. Иманжан ақынның арнасы кең. Ол нені айтып, нені жырласа да жүрегімен жарыла ақтарылып, тебірене толғады. Айтпақ ойына образдар мен тың теңеулерді таба білді. Ақынның ақындық қуатының өзі де дәл осында болса керек.

Иманжан Жылқайдаров ақын ғана емес, аудармашы да болған. 1947-1948 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясының тапсырмасы бойынша Навоидің парсы тілінде жазылған дастандарын қазақ тіліне аударып берді. Ақын шығармашылығының елеулі бір саласы балалық шақты жырлауға арналған. Осыған орай, 1959 жылы жарық көрген өлеңдер жинағының «Жастарым жайна» деп аталуы әбден орынды. Бұл жинаққа ақынның жиырмаға тарта өлеңдері енген. Ақын өлеңдері арқылы жастарды оқуға, өнерге, білімге шақырады. И.Жылқайдаровтың кейбір шығармалары «Айтыс» 1965-1966 ж., «Пернедегі термелер» 1965 ж. атты жинақтарға енген. Ақынның «Әділбек» атты поэмасы мен айтыстарының көбі қолжазба күйінде сақталған.

►4-бетте




## ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИЯ

*бала қауіпсіздігі мәселесіне арналды*

***Күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі – бала қауіпсіздігі. Осынау өзекті тақырып Жезқазған қаласы білім бөлімінің бас маманы Медет Сейтбек ұйымдастырған онлайн конференцияда да көтерілді. Жиын барысында БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясына кеңінен тоқталған ел болашағы жарқын болуы үшін басты кезекте балалардың білім алуын, олардың денсаулық жағдайын, қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз қажет екенін еске салды.***

– Мемлекеттің ертеңгі мықты тұғыры – жас ұрпақ. Өскелең ұрпақ қамын ойлау, балалық шақтың басымдығын мойындататын терең моральдық құндылық екені де сөзсіз. Отанымыз алғашқы қадамынан бастап-ақ бала құқықтары туралы әлемдік конвенцияға ерекше мән беріп, соның талаптарының аясында жұмыс жүргізумен келеді. Бұл халықаралық келелі құжаттың елімізде жүйелі жүргізілуі жөніндегі Жарлыққа Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылы қол қойған болатын. Осы арқылы ол өзінің бағдарламалық сөздерінде бала құқығын қорғау ісіне, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалғандардың құқықтарын қорғауға мән беріп, басым шараларды нақтылап берді, – деген ол бала асырап алу, қорғаншылық және патронаттық тәрбие туралы көптің көкейінде жүрген сауалдарға жауап берді.

Қорғаншылық пен патронаттық тәрбиеге білім бөлімінің мамандары да тікелей атсалысатынын айтқан ол баланы қараусыз қалдырмай, шынайы жанашырлық таныта алатын жақындарының қолына беру үшін жан-жақты зерттеу жүргізетіндіктерін алға тартты. Мемлекет тарапынан қорғаншылық пен патронаттыққа алынған балаларға 10 АЕК есебінде жәрдемақы төленеді. Патронаттықтық тәрбиеге алынған балалардың тәрбиешілеріне де жәрдемақы тағайындалады. Бала асырап алу жұмыстары алдыңғы екеуінен өзгешелеу. Бұл бойынша асырап алушының денсаулық жағдайы, психикалық жай-күйі, айлық табысы, наркологиялық тексерістер, тағы да түрлі кезеңдік зерттеулерден кейін ғана соттың шешімімен бала асырап алуға рұхсат етіледі. Бала асырап алған адам сол баланың аты-жөнінен бастап кейбір деректер базасын өзгерте алады.

Жиында бала саудасы да сөз болды. 5 жасар баласын 700 000 теңгеге сатпақшы болған ерлі-зайыптылардың жан түршігерлік әрекеті көптің ызасын тудырғаны белгілі. 135-бап бойынша мұндай қылмыстық әрекетке барушылардың мүлкі тәркіленіп, 5 жылдан 9 жылға дейін бас бостандығынан айрылатын болады. Осы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізген Жезқазған қаласының полиция басқармасы, жергілікті полиция қызметі, ювеналдық полиция тобының инспекторы, полиция капитаны Ілтипат Әбжәлелова қала бойынша ата-ана құқығынан айрылған 29 ата-ана есепте тұрғанын жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### Вакцинаның бірінші компонентін алғандарға да «жасыл» статус берілуі мүмкін

***«Көк» статус ұғымын Ashyq жүйесінен шығару туралы айту әзірге ерте. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Айжан Есмағамбетова орталық коммуникациялар қызметінде БАҚ өкілдерінің сұрағына берген жауабында осындай пікір білдірді.***




– Шынымен де қазір ПТР тест бойынша науқас екені анықталмаған және науқаспен байланыста болмаған адамдар үшін «көк» статус бар. Олар Ashyq жүйесіндегі нысандарға еркін кіре алады. Қазір біз «жасыл» статусқа екпенің тек екі компонентін ғана алғандарды емес, бірінші компонентін алғандарды да қосқалы жатырмыз. Бұл өз кезегінде елді вакцина алуға ынталандырады. Екінші жағынан, «көк» статустағы адамдардың саны азайтуға мүмкіндік береді, – деген комитет басшысы «көк» сатусты Ashyq жүйесінен шығарылуы мүмкін екенін айтты.

– Әзірге бұл асығыс шара болар еді. Өйткені вакцинаның бір компонентін алғандардың саны, өкінішке қарай, 5 млн адамнан енді ғана асты. Қалған 8 млн адам әлі «көк» статуспен жүр және «қызыл», «сары» статустағы азғантай халық бар. Сондықтан әзірге «көк» статусты жүйеден шығару туралы айтып отырған жоқпыз. Вакцина алғандардың саны көбейсе, «көк» статусты Ashyq жүйесінен шығарып тастау мүмкіндігін қараймыз деп топшылаймын, – деді Айжан Есмағамбетова.

### Қарағанды облысында сайланған 75 әкім қызметіне кірісті

***Қарағанды облысында халық сайлаған 75 ауыл әкімі қызметке кірісті. Ауыл басшылары құрамының төрттен үш бөлігі жаңартылды. Сайлауда төрт партияның өкілдері мен өзін-өзі ұсынушылар жеңіске жетті. Олардың ішінде үш әйел бар. Ең жас жаңа сайланған әкім – 26 жаста.***

Өңір басшысы Жеңіс Қасымбек онлайн-кездесуде сайланғандарға халықтың сенімін ақтап, әрдайым халықтың мүддесін қорғауды тіледі.

– Нәтижелерге қарап отырсақ, көпшілігіңіз алғаш рет әкім болып отырсыздар. Сайлау өткен ауыл басшыларының құрамы 77%-ға жаңарды. Бұл өте жақсы, себебі жаңа көзқарас проблемаларды жаңаша карауға көмектеседі», – деді облыс әкімі.

Ауыл әкімдері – бұл барлық мемлекеттік жүйенің іргетасы, деп атап өтті ол.

– Еліміздің жетістігі көп жағдайда өңірлерде, әрбір ауылда жұмыстың қалай жүріп жатқанына байланысты. Әрбір ауылдың өзіндік ерекшеліктері мен проблемалары бар, оларды шешу қажет. Әрине, ең бастысы – адамдардың мұң-мұқтажына әрдайым құлақ түру. Тек осылай ғана билік шынымен тиімді бола алады. Жерлестеріміздің сенімі қымбат. Сайлау науқаны кезінде берген уәделеріңізді ұмытпаңыздар, – деп атап өтті Жеңіс Қасымбек.

Абай ауданының Қарағанды ауылдық округін 26 жастағы Владислав Кирей басқарды.

– Ел тарихында алғаш рет ауыл тұрғындары әкімдерді сайлады. Бұл демократия мен жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын көрсетеді. Бұл сайлау жастардың басқарушы ретінде өз күшін сынап көруге барлық мүмкіндіктері бар екенін көрсетті. Қызметке кірісе отырып, табыс адамдардың өмірінің жақсаруына және округтің дамуына байланысты болатынын түсінемін, – деп есептейді ең жас әкім.

Қарағанды облысында 257 кандидаттың ішінен 75 ауыл әкімі сайланды. Дауыс беруге 61 846 сайлаушы қатысты – бұл 75,85%. Сайлауда 14 өзін-өзі ұсынған және Nur Otan, «Ауыл», «Ақ жол», ADAL партияларының өкілдері жеңіске жетті.

### Оқушылар бірінші тоқсанда оқуды қандай форматта бастайды?

***Жаңа оқу жылының алғашқы тоқсанында оқушылар қандай форматта білім алады? Білім және ғылым министрлігі мектепке дейінгі және орта білім комитеті төрағасының орынбасары Жомарт Қарамбаевқа Орталық коммуникациялар қызметінде БАҚ өкілдері осындай сауал қойды.***



– Бұл эпидемиологиялық жағдайға байланысты. Шешімді коронавирусты таратпау жөніндегі ведомствоаралық комиссия шығарып, ол шешім Мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысымен бекітіледі. Эпидемиологиялық жағдай жақсарған кезде министрлік дәстүрлі оқыту форматына көшуге дайын, – деген Жомарт Қарамбаев қалыпты оқу форматына ауысу үшін педагогтерге вакцина алу талабы қойылмайтынын айтты.

– Мұндай талаптар қойылмайды, мұғалімдер ерікті түрде екпе алып жатыр. Ең бастысы, ұжымдық иммунитет қалыптасуы керек. Сол үшін ұстаздардың 100 пайыз вакцина алғаны жөн болар еді, – деді ведомство өкілі.

# ОТАНДЫҚ ЕКПЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ЖЕТКІЗІЛЕДІ

***Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингіде отандық QazVac вакцинасының 600 мың дозасы қоймада тұрғанын айтты.***

Орталық коммуникаиялар қызметінде Алексей Цойға БАҚ өкілдері тарапынан Қырғыз еліне жіберілген отандық QazVac вакцинасы туралы сауал қойылды.

– Өңірлерге QazVac вакцинасының 100 мың дозасы жеткізіліп жатыр. Кей өңірлерге жетіп те қойды. Сонымен қатар, 600 мың доза шығарылды. Қазір бұл өнім қауіпсіздік бойынша тексеруден өтіп жатыр. Тамыз айында ол дозалар да ел өңірлеріне жеткізіледі, – деді министр БАҚ өкілінің сауалына берген жауабында.




Сондай-ақ, ол Қырғыз Республикасына жіберілген вакцина туралы да пікір білдірді.

– Қырғыз Республикасына гуманитарлық көмек туралы айтсақ, көрші ел Мемлекет басшылығынан көмек сұраған болатын. Қазақстан өзі де гуманитарлық көмек алып отырған және көмек көрсететін ел ретінде көрші, бауырлас республикаға жәрдем берген болатын. Сондықтан, бұл Қазақстанның жетістігі деуге болады. Біздің вакцина өзге елдерде де қолданылып жатыр. Әрине, бізден көбірек мөлшерде сұраған болатын. Жамбыл облысында өзіміздің өндірістік аланды іске қосудың арқасында сіз атаған мөлшерде көмек бердік. Қазір біз белгілі бір өндірістік қуатқа көштік. Қосымша 600 мың доза қоймада тұр, – деді Алексей Цой.

# ЖАҢА ӘКІМГЕ – ЖАҢА МІНДЕТ




*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Қала басшысы Қ. Әбсаттаров Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 26 шілдедегі шешімімен 25 шілдеден бастап Талап ауылының әкімі лауазымына тағайындалған Қайрат Бапановты ауыл тұрғындарына таныстырып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Талап ауылының қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында алар орны зор. Сонымен бірге, мемлекет қамқорлығы арқасында Талапта үлкен мүмкіндіктер ашылады. Мәселен, Қызылорда бағытындағы автокөлік жолының жөнделуі ауылдың ғана емес, қаланың транзиттік әлеуетін арттырады. Бұны ауыл әкімі болып сайланған Қайрат Мұратбекұлы ұтымды мүмкіндік деп біліп, дұрыс пайдалануы тиіс. Сонымен бірге, ауыл қаламыздың азық-түлік белдеуін қалыптастыру тұрғысынан да артықшылықтарға ие. Қазір Жезді су қоймасын пайдалану мүмкіндіктері қарастырылып, судың құрамы арнайы зерттеуден өтеді. Ол су ауылшаруашылығы мақсатына пайдалануға жарайтын болса, суармалы бау-бақша өсіру мәселесін шұғыл шешу керек. Сондай-ақ, ауыл тұрғындары биыл газ жаққалы отыр. Ол жұмысты ұйымдастырып, әр үйге газдың қосылып, игілігін көру үшін де әкімдеріңізге артылар міндет ауыр. Міне, осы межеден шығып, халықтың оң бағасын алу керек, – деген Қайрат Бектайұлы осы уақытқа дейін Талап ауылын басқарған Ғабид Битеновке де алғысын білдіріп, алдағы қызметтеріне сәттілік тіледі.

Ауыл тұрғындары атынан Талап ауылы ақсақалдар алқасының төрағасы Төлеубай Асанғазин сөз алып, Президент бастамасымен өткен тікелей сайлау ауылды гүлдендіруге бағытталған қадам екенін атап өтті.

– Халық сайлаған әкім халыққа қызмет етуі керек. Алдыңғы әкім Ғабид Елтіндіұлына алғыс айтамыз. Ауылда біршама шаруалар атқарылды, сол игі істерді Қайрат Бапанов жалғастырады деп сенеміз, – деді өз сөзінде ауыл ақсақалы.

Талап ауылының жаңа әкімі Қайрат Бапанов өзіне артылған сенімді ақтауға сөз беріп, сайлауда қолдау танытқан ауылдастарына ризашылығын білдірді.

**Өз тілшіміз**



# ОБЛЫС БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

***Қарағанды облысы әкімінің жаңа орынбасары тағайындалды. Бұл лауазымды Вадим Басин атқаратын болады. Бұрын ол «АрселорМиттал Теміртау» АҚ атқарушы директоры болып жұмыс істеген. Жаңа лауазымда ол энергетика, ТКШ, индустриялық-инновациялық саясат және инвестициялар, ТЖ мәселелеріне жетекшілік ететін болады.***



Өзінің жаңа орынбасарын өңір әкімі Жеңіс Қасымбек онлайн режимінде өткен аппараттық кеңесте таныстырды. Вадим Басин 1962 жылы дүниеге келген. Оның екі жоғары білімі бар: 1985 жылы «Тау-кен жұмыстарын электрлендіру және автоматтандыру» мамандығы бойынша Қарағанды политехникалық институтын, 1990 жылы «Өнеркәсіптік электроника» мамандығы бойынша Томск автоматтандырылған басқару жүйелері және радиоэлектроника институтын аяқтады.

Еңбек жолын 1986 жылы бастаған. Қарағанды металлургия комбинатында аглоцехтің инженер-электригі, аглоцех бастығының электр өңдеу жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді. 2003 жылы «Испат-Кармет АҚ бас энергетигі болды. 2011 жылдан бастап «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Басқарма дирекциясының жөндеу жөніндегі директоры қызметін атқарды. 2013 жылы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ жөндеу жөніндегі атқарушы директорының орынбасары, кейін осы компанияның басқару дирекциясының өндіріс жөніндегі директоры болып тағайындалды. 2017 жылдан бастап «АрселорМиттал Теміртау» АҚ атқарушы директоры болып жұмыс істеді.

Вадим Басин «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болды, «Отан» және «Құрмет» ордендерімен марапатталған.

**«Saryarqa-ақпарат»**

## COVID-19

# ВАКЦИНА АЛУ – ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

***Мутацияға ұшырап түрлі штаммдары пайда болған коронавирус індетінен қорғанудың бірден-бір жолы вакцина екенін ғалымдар дәлелдеп отыр. Вакцинаға қатысты түрлі пікірлер халықты екі ойлы етсе де, өз денсаулығын өз қолында екенін ұғынғандар індеттен сақтану мақсатында екпе салуға асығуда.***

Жезқазған қаласында вакцинациялау науқаны басталғалы бері 14836 тұрғын Ресейде шығарылған «Гам-КОВИД-Вак» («Спутник V»), Біріккен Араб Әмірліктерінің Рас-Аль-Хайма қаласындағы «Жулпар» фармацевтикалық өндірісінде шығарылған «Hayat-Vax» және отандық «QazCovid-In» вакциналарының қос компонентін салдырған. Азаматтар қай вакцинаны алатындарын өздері таңдайды.

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің 28 шілдедегі мәліметі бойынша Жезқазған қаласына «Спутник V» вакцинасының I компоненті 27600 дана көлемінде түсіп, оның 24015 данасы егілді. 21900 дана II компоненттің 14115 салынды. «Hayat-Vax» вакцинасының I және II компоненті бізге 1101 данада келді. Бүгінде оның I компоненті 1101, II компоненті 745 жезқазғандыққа егілді. Қордағы «QazCovid-In»-тің 20 дозасының алғашқы компонентімен 16, екінші компонентімен 10 тұрғын егілді. Осылайша, Жезқазған қаласында вакцина алуы тиіс деп жоспарланған 49643 тұрғынның 22422-сі жоғарыда аталған вакциналардың I компонентімен, 14836-сы II компонентімен індеттен қорғалған. Айта кету керек, вакцина алған жерлестеріміздің ешқайсысы өлім халіне түсіп, мүгедек атанбады. Рас, вакцина алған күні дене қызуы көтеріліп, бас ауырып, буын сырқырайды. Бірақ, бәрінде бірдей емес. Сондықтан, вакцина салдырмай тұрып, әлеуметтік желіні шарлаған негізсіз әңгімелерге сеніп, өз денсаулығыңызды тәжтажалға жалматып алмаңыз. Індеттің уысына түскен адамның тез қатарға қосылып кетуі оңайға соқпайтынына біз бен сіздер куә болғалы қашан?! Қазіргі таңда 300 орынға шақталған инфекциялық орталықта 81 төсек қана бос. 4 науқас өліммен арпалысып, аппаратқа қосылған.

Жалпы, Жезқазған қаласында 18 жастан асқан 66191 азамат бар болса, оның 49643-і вакцина салдырған кезде жезқазғандықтарда ұжымдық иммунитет қалыптасады деп күтілуде. Ұжымдық иммунитет дегеніміз – аурудың таралуын тоқтататын адамдардың ұжымдық топтасуын қалыптастыру. Егер адамдардың жеткілікті саны жұқпалы ауруға қарсы иммунитетке ие болса аурудың одан әрі таралуы бәсеңдейді. Бұл барлық топ үшін, тіпті ауруға жеке иммунитеті жоқ адамдар үшін жанама қорғауды қамтамасыз етеді.

Індеттің беті кері қатуы үшін әр тұрғын саналы түрде әрекет ету тиіс. Маска киіп, антисептик қолдану, қоғамдық орындарға бармау сияқты сақтық шаралары вирусты жұқтырудың алдын алса да, иммунитетті тек қана вакцина қорғайтынын ұмытпалық. Осы тұста «Вакцина 100 пайыз кепілдік бермейді» дерсіз. Алайда, вакцина салдырған адам індет жұқтырғанның өзінде ауруды жеңіл өткереді. Бұл – ғылыми дәлелденген.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# КАРАНТИН КҮШЕЙЕДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Қатаң локдаун адамдар арасындағы қарым-қатынасты азайтып, әлеуметтік арақашықтықтың сақталуына мол септігін тигізері анық. Локдаун талаптарына сай 2 тамыздан бастап орталық мемлекеттік органдарды, әкімдіктерді, құқық қорғау органдарын, денсаулық сақтау ұйымдарын, БАҚ-ты, азық-түлік дүкендерін, дәріханаларды және тіршілікті қамтамасыз ету ұйымдарын қоспағанда, «Ashyq» жобасына қатыспайтын барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметі тоқтатылады. Ойын-сауық, спорттық, отбасылық, естелік және өзге де бұқаралық іс-шараларды өткізуге мүлде рұхсат жоқ. Мемлекеттік органдар, кеңселер, ұлттық компаниялар мен өзге де ұйымдар қызметкерлерінің 80 %-ы қашықтан жұмыс істеу режиміне көшеді. Екпе алғандар мен соңғы 3 ай ішінде коронавируспен ауырып, жазылғандар қалыпты режимде жұмысын жалғастыра алады.

Оңал Байғожинаның айтуынша 27 шілде күні қаламызда 2581 коронавирустық инфекция жағдайы тіркелген. Сырқаттану көрсеткіші 100 000 тұрғынға шаққанда 108,8-ді құрайды. Ауру құрылымында симптомдық науқастар 71,3 пайыз болса, симптомсыз вирус тасымалдаушылар 28,7 пайыз. Шілденің алғашқы екі айына қарағанда соңғы екі айында ауру жұқтыру қарқыны 3,2 есеге артқан.

Ауру балалар арасында өршіп тұр. 14 жасқа дейінгі балалар арасында COVID-19-бен ауырғандар саны 16,5 пайызды көрсетіп отыр. 51 пайыз 20-дан 49 жасқа дейінгі тұрғындар індет қармағына ілігуде. 60 жастан асқандар арасында 14,6 пайыз.

Локдаундық шектеуге байланысты барлық сұлулық салондары, косметологиялық орталықтар «Ashyq» қосымшасымен 9.00-ден 17.00-ге дейін алдын ала жазылым реті бойынша қызмет көрсетеді. Сенбі, жексенбі күндері моншалар жұмысы тоқтатылады. Жағажайлар жұмысына мүлде рұхсат жоқ.

Театрлар, концерт залдары, өзге де мәдени орталықтар, караоке, сауна, боулинг, бильярд, ойын клубтары тағы да өзге тынығу мекемелері сенбі, жексенбіден бөлек «Ashyq» арқылы 9.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істей алады. Ал кинотеатрлар жұмысы 17.00-ге дейін созылады. Аталған орталықтардың барлығы 30 пайыздан аспайтын мөлшерде азаматтарды қабылдай алады.

Екінші деңгейдегі банктер, «Қазпошта» бөлімшелері, халыққа қызмет көрсету орталығы «Ashyq» қосымшасымен жұмыс күндері таңғы 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істеуін жалғастырады.

Діни объектілер ұжымдық іс-шаралар өткізбей, ашық ауада жұмыс істейді. Түнгі клубтар жұмысы тоқтатылады.

«Ashyq»-сыз қоғамдық тамақтану объектілері болса сенбі, жексенбі күндері жұмысын доғарады, жұмыс күндері 9.00-ден 12.00-ге дейін ғана қызмет көрсете алады. Қосымша қызметін пайдаланатын тамақтану орындары аумағына 50 пайыздан артық адам толтырмай, 7.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс істей алады. Тамақ жеткізу қызметіне шектеу жоқ.

Банкет залдары «Ashyq» қосымшасы арқылы адамдарды қабылдай алады. Тек жиылғандар саны 50-ден аспауы аса маңызды. Сенбі, жексенбі күндері отбасылық жиын-тойлар ұйымдастырылмайды.

Тағы айта кетері таза ауада мәдени-бұқаралық шаралар ұйымдастыруға да тыйым салынады.

Тікелей эфир барысында тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың басым бөлігі екпеге қатысты болды. Олардың сауалдарына тұщымды жауап қайтарған мамандар, денсаулық жағдайы рұхсат етілген барлық азаматтарға вакцина алуға кеңес берді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

**Еліміз Тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 30 жыл. Отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес, зайырлы ел болды. Бұл – атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. Тәуелсіздікпен бірге ұлттық құндылықтарымыз қайта жанданып, салт-дәстүріміз, дініміз, әдет-ғұрпымыз, тіліміз қайта оралды. Бабалар қалдырған кең байтақ жердің иелігі өзімізге тиіп, өзгелер қызыға да қызғана да көз тастайтын орасан аумақты аманаттап алып қалдық.**

# ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ТҮЛЕДІК



Тәуелсіздік алумен бірге біз өзіміздің жаңа Ата Заңымызды қабылдадық. Егемен Қазақстанның алғашқы Конституциясы жоғарғы Заң күші ретінде ұлттық-мемлекеттік Тәуелсіздіктің негізін қалады. Ел тәуелсіздігі Қазақстан халқының нағыз рухани жаңғыруына бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашты. Ғасырлар мен ондаған жылдар бойы ұмытылған тұлғалардың есімдері мен жәдігерлері оралды, мемлекеттік қазақ тілі қайта жанданды.

Иә, Тәуелсіздік талай адамның өміріне оң өзгеріс енгізді. Біз осынау егемендіктің арқасында өз елімізде, өз жерімізде емінеркін шалқып-тасып өмір сүре алатын дәрежеге жеттік. Білім мен ғылымның есігі айқара ашылды. Ниетің болса, болғаны. Еңбектен де несібіңді тере бер. Расында, біздің елімізде еңбек етуге бейімді, бойында ынта-жігері мол азаматтар үшін барынша жағдай жасалған. Әсіресе, жастарға арналған мүмкіндіктер мол. Жаңа идеялары мол, білімді де білікті жастар үшін қолдау қай кезде де бар. Арманыңдағы мамандықты меңгергің келсе, талмай оқы да, білім грантын алып, тегін оқы. Жеке кәсібіңді ашқың келсе де ешкім қолыңды қақпайды. Бизнес қай кезде де тиімді, одан мемлекетке түсер пайда да жетерлік.

Тәуелсіздік алғалы Қазақстанның көп қаласы жаңарды, жанданды, жаңа кейіпке енді. Бұл тұста ерке Есіл өзенінің сағасынан еңселі Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласының бой көтеруі тіптен бөлек әңгіме.

Тәуелсіздікпен бірге жеткен жетістіктеріміз де аз емес. Отыз жылдық тарихта алыс-жақынды көптеген елдермен түрлі бағытта келісімшарт жүргізіп, Еуразия төрінде өмір сүріп жатқан халықтың іскерлігін, ісмерлігін, қай шаруаға да икемінің барын дәлелдедік. Білімді, өнерлі ұл-қыздарымыз әлем жұртын таңғалдырды. Тарландарымыз аса ауқымды спорттық шараларға көк Туымызды биікке желбіретті. Бастысы – қай кезде де қазақ атты халықтың бағзыдан-ақ ұлы, ұятты, аққөңіл һәм батыл да батыр елдің ұрпағы екенін дәлелдей білдік.

Қазіргі таңда, Қазақстанның өзіндік үні, пікірі, мәртебесі бар. Біз әлемдік деңгейде аяғымызды сенімді басып, басқа елдер бізбен санасатын мемлекетке айналдық. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үлкен шараларды, іс-әрекеттерді талап етеді. Яғни, ішкі және сыртқы саясатты дұрыс жүргізу, халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өркендеуін, дүниежүзілік қауымдастықта өркениетті мемлекеттермен білікті қарым-қатынас жасау, әрине, бір адамның қолында емес. Бірақ, халық атынан үлкен деңдейде сөйлей алатын, сөзін құлақ салып тыңдайтын, мемлекетке бағыт-бағдар беріп отыратын, ерекше тұлға, мемлекет басшысы – Президент. Елбасымыздың сол кезеңдегі басты таңдаған стратегиялық бағыты – ашық нарықтық экономикаға көшу болды. Түбегейлі құрылымдық өзгерістерді жүргізуде шетелдік инвестицияны маңызды фактор деп есептеді. Осындай тарихи шешімдердің арқасында біз қазіргі таңда әлемнің 50 ең бәсекеге қабілетті елдері қатарына кірдік. Бұл, меніңше, мақтаныш сезіміне бөлейтін ең маңызды жетістік. Елбасы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ізін жалғаған бүгінгі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да еліміз үшін, жеріміз үшін, халқымыздың қауіпсіздікте, алаңсыз, әлеуметтік жағдайы жоғары деңгейде өмір сүруі үшін жасап жатқан жұмыстарына көңілім толады. Ол халықпен санаса біледі. Еңбекқор, білімді, білікті саясаткер ретінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Отанымыздың отын сөндірмей, мәртебемізді биіктете берерріне сенімім мол.

Мен өз балаларыма, немерелеріме қазақтан шыққан батыр бабаларымыздың ерлігін, олардың біздің азаттығымыз, амандығымыз, жарқын күніміз үшін жасаған қаһармандық ерліктері мен мұра еткен тағылымы терең кемеңгер ойларын жеткізіп, құлақтарына сіңіріп отырамын. Осы арқылы оларды жастайынан шынайы отансүйгіштікке тәрбиелегім, туған жеріне, туған тіліне деген адалдыққа баулығым келеді. Осы тұста балаға бірдеңені үйретпес бұрын өзіңнің де жол сілтей білуің, алдымен өзің үлгі болуың маңызды деп білемін. Сөзімді іс жүзінде дәлелдеуге тырысамын.

Сырт көз үшін отыз жыл айтарлықтай көп уақыт болмасы анық. Дегенмен, біз үшін, барша қазақстандықтар үшін бұл мерекенің маңызы тым айрықша. Баршаңызды осы қасиетті де қастерлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Азаттығымыз асқақ, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

**Ержас МЕЙРАМОВ,**
**Малшыбай ауылының тұрғыны**

САЙЛАУ – 2021

# МАҢЫЗДЫ САЯСИ ҚАДАМ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*



– Дауыс беру кезінде қоғамдық тәртіп пен санитарлық талаптарды бұзу деректері тіркелмеді. Көріп тұрғандарыңыздай кіреберісте дауыс берушілердің дене қызуы тексеріліп, әлеуметтік ара-қашықтықты сақтау, масканы шешпеу ескертілуде. Ауылдың болашағы сыналған сәтте талаптықтар өз таңдауын жасау маңызды екенін біліп, саяси науқанға белсене қатысып жатыр, – деді №240 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Қалдеш Төлеубаев.



Сайлауды қорытындылаған Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының мәліметінше, Талап селосының әкімі сайлауына қатысқан үміткерлер Қайрат Бапанов – 310, Шәміл Нұрбек – 54, Гүлдерай Үсенова – 35 дауыс жинаған. Дауыс беру бюллетеньдеріне қосылған «бәріне қарсымын» деген бағанға 22 тұрғын белгі қойған.

– Бүгінгі сайлаудың маңызын халық болып ұғынып отырмыз. Ауылды көркейтіп, ондағы халықтың тұрмысын жақсартуда әкімнің рөлі зор. Сондықтан, біз өз туған жеріміздің екінші тынысын ашатын тұлғаны тікелей таңдау құқығына ие болғанымызға қуаныштымыз. Көптің қалауымен тағайындалатын жаңа әкім ауылдағы жол, ауыз су, қоғамдық көлік сынды мәселелердің оң шешімін тауып, мал және өсімдік шаруашылығын өркендетуге, кәсіпкерлікті қолдауға ден қояды деген сенімдеміз. Ауылға инвестициялық жобалар тартып, жаңа жұмыс орындарын ашса деген тілегіміз тағы бар, – деген Талап селосының ақсақалдер кеңесі төрағасы Төлеубай Асанғазин әкім халқына жақын болса ісі өрге жүзіп, халық алдындағы беделі артатынын алға тартты.

Сайлау барысында бақылаушылар мен үміткерлердің сенімді өкілдері жұмыс істеді.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

***2021 жылдың бірінші жартыжылдығында «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында халықты өнімді жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, адамдардың әл-ауқатын жақсарту, өнімсіз еңбекпен қамтылған жұмыссыз тұлғалардың санын азайту мақсатында Жезқазған қаласының халықты жұмыспен қамту орталығымен біршама жұмыстар атқарылды.***

2021 жылға жұмыссыздарды оқыту жоспары 38 адамды құрайды. Ағымдағы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша 40 адам қысқа мерзімді оқыту курстарына келесі мамандықтар бойынша: шаштараз – 10, слесарь-электрик – 5, газбен дәнекерлеуші – 10, «В» санаты бойынша жүргізуші – 3, 1С бухгалтерия – 12 адам жолданған.

АШҚҚҚ-дан (Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры) 36 млн теңге сомасына 7 адам шағын несие алды.

Жаңа бизнес идеяларын ашу үшін ағымдағы жылы барлығы 200 АЕК мөлшерінде 130 мемлекеттік грант беру жоспарланған. Бүгінгі таңда 86 адамға грант берілді.

Қалған гранттар Бастау бизнес курстары аяқталғаннан кейін кезең-кезеңімен берілетін болады.

2021 жылға жұмысқа орналастыру жоспары 2486 адамды құрайды.

Жыл басынан еңбек делдалдығы үшін өтініш берген азаматтар саны – 2036 адам. 01.07.2021 жылғы жағдай бойынша тұрақты жұмыс орындарына 1 256 адам жұмысқа орналастырылды .

– әлеуметтік жұмыс орындары жұмысқа орналастырылды – 85 адам (жоспар: ЖБ – 35 адам, РБ – 50 адам);

– қоғамдық жұмыстарға – 463 адам жіберілді (жоспар 655).

Сондай-ақ, субсидияланатын жұмыс орындарының бірі жастар практикасы болып табылады, 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 23 адам жіберілді (жоспар – 60).

Ағымдағы жылы «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 10 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Жоба бойынша жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығымен келісім негізінде «Еңбек» бағдарламасына қатысушыны 24 айға тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді, алғашқы бір жылының жалақысы жұмыспен қамту орталығымен қаржыландырады.

Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар шеңберінде 2021 жылға 2017 жұмыс орны көлемінде жұмыс орындарын құру жоспары белгіленген, оның ішінде 60%-дан кем емес тұрақты жұмыс орындары (1210).

2021 жылғы 1 шілдедегі ахуал бойынша 1173 жаңа жұмыс орны құрылды (немесе жылдық жоспардың 58%), оның ішінде тұрақты – 336 (28%), уақытша – 837 (104%).

Жезқазған қаласы бойынша жұмыссыздық деңгейі – 4,8%, 2021 жылға жұмыссыздық деңгейі болжам бойынша – 4,6 %. Жұмыссыз жастар деңгейі – 5,0 %. Жұмыссыздар саны – 624 адам.

Жұмысынан босатылуына байланысты 252 адамға әлеуметтік жәрдемақы тағайындалды. Біздің орталық мамандары алдағы уақытта да халықтың әл-ауқатын арттырып, екі қолға бір күрек таппай сергелдеңге түскен жандардың санын азайту мақсатында қабылданған «Еңбек» бағдарламасының сәтті жүзеге асуын қамтамасыз ету жолында жұмыс жасамақ.

***Жарас ЕРШЕЕВ,***
***Жезқазған қаласы әкімдігі халықты жұмыспен қамту орталығы директорының м.а***

# АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛУДА

***Қарағанды облысының бюджетінен Жезқазғанның 52 ауласын абаттандыруға 500 млн теңге көлемінде қаржы бөлінгенін жылдың басында жазған едік. Міне, бүгінде жоспарланған 52 ауланың бірқатарында абаттандыру жұмыстары басталып кетті.***



Астаналық мердігер «New Level» ЖШС шілдеде бастаған жұмыстар қыркүйектің соңына дейін жалғаспақ. Тұрғын үйлер ауласында пайда болатын кешенді алаңдар туралы мердігер компанияның Жезқазған қаласындағы өкілі Жаскен Оразбековтен білдік. Оның айтуынша, қазірдің өзінде 20 ауланың негізгі жұмыстары жасалған. Атап айтсақ, ескі алаң сүріліп, жері тегістеліп, жиектері салынған. Құрылыс заттарының түгелін дерлік жезқазғандық өндірушілер мен жеткізушілерден алғанын алға тартқан Жаскен Оразбеков алаңда орнатылатын тренажерлер мен аттракциондардың сапасы жоғары болады деп сендірді.

– Біздің компания Нұр-Сұлтан қаласында көптеген аулаларды абаттандырды. Жезқазған қаласында да өзімізге жүктелген міндетті асқан жауапкершілікпен орындамақпыз. Ол үшін астаналық жұмыскерлерді арнайы алдырдық. Одан бөлек жезқазғандықтарды да жұмысқа қабылдадық. Қол астымда барлығы 30 жұмыскер бар. Арнайы техника да жеткілікті, – деген мердігер компанияның өкілі қазір Анарқұлов көшесі, 16-үйдің алдындағы алаңда жұмыс жасап жатыр.



Аталмыш мекенжайда орналасатын аула – кешенді. Яғни мұнда еңбектеген қариядан, еңбектеген балаға дейін өз уақытын тиімді өткізе алмақ. Жалпы ауданы 448 шаршы метрді құрайтын аулада балалар ойын алаңы, көше тренажерлері мен футбол ойын алаңы орналасады. 100 шаршы метрге жететін балалар ойын алаңына үйшіктер, әткеншектердің екі-үш түрі, скалодром, сыр* ғанақ қойылады. Орындықтар мен қоқыс жәшіктеріде жоба бойынша қарастырылғанын айтқан Жаскен Оразбеков тұрғындармен тіл табысып кеткенге ұқсайды. Аулада бұрыннан тұрған теннис столы мен кілем қаққышты олардың өтініші бойынша кәдеге жаратпақ.

Қазірдің өзінде Алашахан даңғылы, Деев, Қошқарбаев, Жеңіс пен Анарқұлов көшелеріндегі аулаларды абаттандыру жүріп жатыр.

**Бота ШАЛҚАР**

# ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

***Кейбіріміз бір төбе мен бір іргені бөліскен көршілеріміздің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болғанын көрмесек те естіп жүргеніміз. Қабырғаның арғы бетіндегі айқайды естісек те, «ерлі-зайыптылардың арасына ессіз ғана түседі» деген қағиданы ұстанып қаламыз. Көп жанжал дер кезінде көрсетілмеген көмектің салдарынан қайғылы аяқталып жататыны тағы бар. Бұл сөзімізге ерінің соққысынан өлген әйел, ата-ана тепкісінен аяқ-қолы сынған балалар туралы күнбе-күн тарап жатқан хабар дәлел болса керек.***

Әлемде 5 минут сайын бір ана мен бала зорлық-зомбылық құрбаны болады деп мәлімдеген халықаралық ұйымдар. Отбасындағы зорлық-зомбылық бүгінде біздің елде де ашық айтыла бастады. Онымен күрес те күшейді. Дегенмен, әзірге көңіл көншітетін нәтиже жоқ.

– Зорлық-зомбылықтың түрі өте көп. Оларды моральдық, физикалық, эмоционалдық және сексуалды деп бөліп қарастыру керек. Түсінікті тілмен айтар болсам, еркінен тыс жыныстық қатынасқа тарту, қорқытып, айтқанынан шығармау, дәрежесін түсіру, кемсіту және жұмыс істеуіне рұқсат бермеу, ақшасын тартып алу немесе қолына бір тиын да ұстатпау, сондай-ақ, ажырасқаннан кейін де аңдуын жалғастыру зорлық-зомбылыққа жатады. Өкініштісі сол, көп әйел мұндай қысымға көніп жүре береді. Мен осы мәселеге назар аударып, зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйел мен баламен жұмыс жасап жүргеніме 10 жылдан асты. Сан түрлі тағдырдың куәгері болдым. Сондағы түйгенім, әйелдер еркектің соққысына, балағат сөзі мен кемсітуіне амалдың жоқтығынан не болмаса сауатының төмендігінен шыдайды. «Ажырассам барар жерім, басар тауым жоқ» деп жылаған талай әйелге психологиялық және құқықтық көмек көрсетіп жүрміз. Қазірдің өзінде біздің әріптетер психолог Лилия Моностырская мен заңгерлер Шолпан Аханова мен Айгүл Оспанованың көмегіне айына 3-4 әйел жүгінеді, – деген «Томирис» орталығының негіз қалаушы Валентина Предеина отбасындағы жанжалдың қысым көрген тараптан бөлек өсіп келе жатқан жас буынға тигізер кесірі көбін алға тартты.

Буыны бекіп, белі қатпаған баланың психикасына озбырлық пен қатыгездікті көрудің қаншалықты ауыр екенін айтып жатудың өзі артық. Ұяда көргенді ертең олардың қайталамасына тағы кепілдік жоқ. Сондықтан, бетін жауып, ерінің жұдырығына арқасын тосқан әйелдер бірінші кезекте бауыр еті баласының болашағы алаңдаса деген ойда «Қорғау-Астана» жеке қорының Жезқазған қаласындағы әлеуметтік-психологиялық қолдау орталығының директоры Кәмеш Әбжәмелова:

– Отбасындағы зорлық-зомбылық бүгін пайда болған проблема емес. Оның түбі тереңде жатыр. Қазақ қоғамы үшін үйдегіні сыртқа шығармау қашаннан қалыптасқан қатаң қағида. Тіпті, оны жария ету ұят саналатын. Дегенмен, қазір бұл мәселемен қоғам күресуге кірісті. Қашанғы әйел тепкі көріп, құрбан бола беруі керек?! Наурыздан бастап өз жұмысын бастаған Есенберлин көшесі, 61-үй мекенжайында орналасқан орталықта қазір 5 отбасы мен 11 бала бар. Жезқазған қалалық полиция басқармасының жолдамасы бойынша орталыққа орналастырылған әйелдердің жасы – 35 пен 40 аралығында. «Шыдамның да шегі бар» демекші, орталыққа некедегі күйеуінен 20 жыл бойы таяқ жеген әйел келді. Жан-жақты психологиялық көмек алған оның және балаларының қазір жағдайы да, көңіл-күйі де жақсы», – деді.

Ерінің тепкісінен әбден мезі болған әйелдер үшін әлеуметтік-психологиялық қолдау орталығында барлық жағдай жасалған. Тегін төсек, үш мезгіл тамақ. Жұмысқа кеткенде балаларын қарайтын тәрбиеші тағы бар. Сонымен бірге, орталықта әйелдерге тігін мен кулинария курстарын тегін меңгеріп шығу мүмкіндігі ұсынылған. Ең бастысы олар – қысымнан ада, жан тыныштығына ие. Зорлық-зомбылықтың құрбандары орталықтағы алты ай мерзімі аяқталған соң оны тағы жарты жылға ұзарта алады. Кәмеш Әбжәмелова жетекшілік ететін психологі, әлеуметтік қызметкері, медициналық қызметкер мен заңгері бар орталықтың көмегін қажетсінетіндер **8 747 955 68 83** телефон нөміріне хабарласа алады.

Сондай-ақ, құдай қосқан күйеуінен қысым немесе зәбір көргендер **102** нөміріне хабарласса, тәртіп сақшылары көмекке жетеді. Жыл басынан бері осы нөмірге жүздеген әйел хабарласқан. Нәтижесінде 214 құқық бұзушы уақытша ұстау камерасына орналыстырылып, 30 маскүнем мәжбүрлеп емдеу мекемесіне жатқызылды. Сот шешімімен 109 құқық бұзушы әкімшілік қамауға алынды. 81 жанжалқойға ерекше талаптар орнатылып, 314 қорғау нұсқамасы шығарылған.

Өмірде бұл цифрлар екі-үш есеге көп. Қанша әйел ерінің үстіне шағым түсіруге арланып немесе қорқып жүр. Олар отбасындағы зорлық-зомбылықтың түбі өзін өлімге, баласын жетімдікке әкелетінін ұғынбаса керек. Бұл сөзімізге дәлел көп-ақ!

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЕКІ ДӘУІРДІҢ КУӘСІ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Алматы, Жезқазған қалаларының Құрметті азаматы, халық ақыны атанған Иманжан Жылқайдаровтың терең мазмұнды өлеңдері бүгінгі жастармен бірге. Иманжан ақынның еңбекші бұқараны ұжымдастыруға, Ұлы Отан соғысы жылдарында халықты зұлым жауға қарсы күреске жұмылдыруға, бейбіт жылдардағы еңбек батырларына арналған көптеген жырлары мен өлеңдері, сондай-ақ Ұлытауға, Жезқазғанға арнаған өлеңдері де мерзімді баспасөз беттерінде кезінде жарияланып, сол кездері өмір тынысымен үндесіп отырды.

Иманжан Жылқайдаров революцияға дейін де, Кеңес үкіметі жылдарында да ақындар айтысына көп қатысты. Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Құлтума, Тайжан сияқты әйгілі әнші, ақындармен дәмдес болып, тәлім алған. Он сегіз жасында ұлытаулық ақын қыз Бибіғали Оңғарбайқызымен, кейінірек Гүлжәмила, Ибадулла ақындармен айтысқан.

Иманжан Жылқайдаров тек ақын ғана емес, ол қоғам қайраткері де болды. Сол кездегі еліміздің астанасы Алматы қаласының қалалық кеңесінде бірнеше мәрте депутаттыққа сайланды. Қазақстан жазушыларының үшінші және төртінші съездеріне делегат болып сайланды, республикалық маңызы бар көптеген жиын-мәслихаттардың құрметті қонағы болды. Республикадағы белгілі қоғам қайраткерлерімен ақын-жазушылармен жүзбе-жүз кездесіп, пікірлес болды. Аманкелді Имановтың өмірі мен революциялық ісіне байланысты фактілерді жинақтауға, анықтауға Торғай, Ұлытау өңіріне шыққан академик Әлкей Марғұлан бастаған ғылыми экспедиция құрамында болып, ол жөнінде тың деректер жинауға көмектесті. Ақын Иманжан Жылқайдаров 1938 жылдан бері КСРО Жазушылар одағының мүшесі. Ақын Қазақ КСР-нің 40 жылдығы белгісімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының құрмет грамоталарымен марапатталды.

Иманжан атайдың отбасында үш ұл, бес қыз дүниеге келеді. Үшінші ұлы Мұқан аталып кеткен Мұхамет Керім қырық үш жасында 1958 жылы дүниеден өтеді. Имекеңнің жалындай өсіп, жалт етіп, мезгілсіз сөнген баласы Мұқан жастайынан әкесінің жолын қуып әдебиетпен



шұғылданады. Аз ғана ғұмырында Мұқан артына өшпес мұра қалдырып кетті. Оны оқырмандары талантты прозаик, келешегінен зор үміт күттіретін, өмір сырын жақсы сезінген драматург деп таныды. Сосынғы ұл-қыздары ертеде қайтыс болған.

Ақын 1973 жылы 87 жасында дүние салды. Өмірінің соңғы жылдарын Жезқазғанда өткізеді. 1971 жылы Жезқазған жұртшылығы сүйікті халық ақынының 85 жас және әдеби шығармашылық қызметіне 70 жыл толған торқалы тойын мерекеледі. Жезқазған қалалық кеңесінің шешімімен «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Екі дәуірдің куәгері болған, дәуір тынысын өз жырларына арқау еткен ақын Иманжан Жылқайдаровтың туғанына биыл 135 жыл толып отыр. Кейінгі ұрпақ ақын атамыздың поэмалары мен айтыстарынан сөз маржанын теріп, рухани азық алса, әлеуметтік қоғамдық істерін өздеріне үлгі-өнеге тұтып, ғибрат алады. Артында өшпес мол мұрасы қалған ел ардақтыларының есімі мәңгілік екені хақ. Олар қалдырған тарихи, әдеби мол мұраны зерттеп зерделеу – бүгінгі ұрпақ еншісіндегі іс.

**Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің жоғары санатты архивисі**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# АУЫЛ МАМАНДАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ҰСЫНУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020

***«Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде «Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік қызметін көрсетеді.***

Басты мақсат білікті мамандарды ауылға жұмыс істеуге және тұруға тарту болып табылады.

Әлеуметтік қолдау келесі түрде ұсынылады:

– 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (2021 жылы 291,7 мың теңге) көтерме жәрдемақы;

– 1500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрғын үй сатып алу немесе салуға 15 жыл мерзімге жылдық 0,01% мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесі бойынша бюджеттік кредит (2021 жылы – 4 375,5 мың теңге).

Жоба қатысушына әлеуметтік қолдау шараларын алу кезінде қойылатын негізгі талап Жезқазған қаласы бойынша Сарыкеңгір ауылдық округінде (Малшыбай ауылы), Кеңгір ауылдық округінде (Кеңгір ауылы), Талап ауылдық округінде (Талап ауылы) орналасқан денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен ұйымдарында, әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері кемінде үш жыл жұмысты өтеуге міндеттемелер қабылдау болып табылады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін келесілерге жүгіну қажет:

– «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (одан әрі-Мемлекеттік корпорация);

– «электрондық үкімет» веб-порталы (электронды).

Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін келесі құжаттар талап етіледі:

1) <u>көтерме жәрдемақы алған кезде:</u>

• белгіленген нысан бойынша өтініш;

• жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

• білімі туралы дипломының көшірмесі;

• көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:

белгіленген нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

• білімі туралы дипломының көшірмесі;

• көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

• сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

• кредиттік бюродан есеп;

3) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде:

• белгіленген нысан бойынша өтініш;

• жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

• білімі туралы дипломының көшірмесі;

• көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

• сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

• кредиттік бюродан есеп.

Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға бір мезгілде өтініш беруге жол беріледі.

Әлеуметтік қолдау шаралары бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ мамандарға (қызмет алушыларға) ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 6 (алты) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

**Жұмыс кестесі:**

– көрсетілетін қызметті беруші («Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ) – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін;

– Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін;

– «Электрондық үкімет» веб-порталы – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады), тәулік бойы.

«Ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша туындаған барлық сұрақтар бойынша Электронды үкімет egov.kz Бірыңғай байланыс орталығы **1414** және **8-800-080-7777** телефоны арқылы (қоңырау шалу тегін) немесе **100602** индексі бойынша **Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1, 413-кабинет, 73-38-04** телефоны бойынша «Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-не хабарласуға болады.

**«Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ**

# ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ EGOV АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020

***EGov.kz порталында заңды тұлғаны тіркеу үшін ЭЦҚ (электронды-цифрлық қолтаңба) арқылы порталға тіркелу қажет. Өтініш берушіге заңды тұлғаны тіркеу керек болса, содан кейін банкке шот ашу үшін тіркеу туралы анықтаманы ұсыну, сондай-ақ міндетті сақтандыру шартын жасау үшін сақтандыру компаниясына бару керек болса, осы қадамдардың барлығын үйден шықпай-ақ бір онлайн-өтінім бере отырып, бір ретте орындауға болады.***

Заңды тұлғаны шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі ретінде онлайн-режимде тіркеу үшін eGOV порталын ашып, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, банктік шот ашу және өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан жұмыскерді міндетті сақтандыруды ескере отырып олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу» қызметін таңдайсыз. Ол eGov.kz порталындағы «Бизнесті тіркеу және дамыту» бөлімшесінде орналасқан. Оған өтіп, «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басыңыз.

1. Бірінші қадамда ұйымдық-құқықтық нысанды белгілеп сіздің компанияңыздың толық және қысқа атауы бар өрістерді үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толтыру қажет.

Келесі ұйымдық-құқықтық формалардың бірі таңдалады:

• Толық серіктестік;

• Коммандиттік серіктестік;

• Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

• Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;

• Өндірістік кооператив.

Бұдан әрі басшының ЖСН-ін, басшыны тағайындау туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімінің нөмірі мен күнін көрсетіңіз.

Құрылтайшылар туралы мәліметтерді көрсеткен кезде олардың ЖСН/БСН, аты-жөні/атауы бар жолдарды толтыру, сондай-ақ олардың салымының сомасы және оның жарғылық капиталдағы үлесі туралы ақпаратты ұсыну қажет. Содан кейін, заңды тұлға типтік жарғы бойынша әрекет етеді ме және ҚҚС төлеуші ретінде тіркеледі ме соны белгілеу қажет болады.

Артынан заңды мекенжайын, байланыстарын және экономикалық қызметтің негізгі түрінің кодын және жұмыспен қамтылған адамдардың шамалап алынған санын көрсетіңіз.

Беттің соңында сіз осы өтінімнен бірден банкте шот ашқыңыз келе ме және сақтандыру шартын жасасқыңыз келетінін атап өтуге болады. Егер сіз оны оффлайнда өз бетінше жасауды жоспарласаңыз, онда тиісті тармақта белгі қоймаңыз.

2. Келесі қадамда барлық енгізілген ақпаратты қателердің бар-жоғын мұқият тексеріңіз.

3. Егер бірінші бетте банк шотын онлайн ашқыңыз келсе, үшінші қадамда сізден осы рәсімді жүзеге асыру үшін барлық мәліметтер талап етіледі. Тізімнен бір банкті таңдаңыз (Альфа-Банк, Қазақстан Халық Банкі, Fortebank немесе Jýsan Bank), оның филиалын және пайдаланылатын валютаны (теңге, доллар, евро) көрсетіңіз.

Шотты ашу үшін банктің толтырылған сауалнамасын қоса беріңіз, оның үлгісін ЕДБ таңдағаннан кейін бірден көшіріп алуға болады. Сауалнама міндетті құжат болып табылады.

Бұдан әрі сіз келесі тізімнен құжаттарды қоса бере аласыз, олар болған жағдайда:

• Банк пен клиент арасындағы шартқа қосылу туралы өтініш;

• Жарғы;

• Қол қою үлгілері;

• Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді;

• Сенімхат (заңды тұлға сенімді өкілінен берілген жағдайда).

4. Келесі қадам сақтандыру шартын жасасуға өтінімді толтыруға арналған. Сақтандыру компаниясын тізімнен таңдаңыз:

• «Азия Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ;

• «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ ;

• «Халық-Life» АҚ.

Жылдық еңбекақы қоры туралы ақпаратты қамтитын қызметкерлер туралы мәліметтермен сауалнаманы толтырыңыз және сіздің кәсіпорныңызда еңбекті қорғау тақырыбына сауалнамада белгі қойыңыз.

Сақтандыру кезеңінің басталу күнін көрсетіңіз, компания жарғысымен қызметкерлердің тізімін бекітіп, сақтандыру шарттарымен келісетіні туралы тармақтарға белгі қойыңыз.

Осымен композиттік қызметтің өтінімін толтырудың кезеңі аяқталады, содан кейін құрылтайшылардан оны ЭЦҚ арқылы растау қажет болады. Осыдан кейін өтінімге өтініш берушінің өзі қол қояды және ол тіркеуші органға бекітуге жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді күту мерзімі – 2 жұмыс күні. Сонымен қатар, заңды тұлғаны онлайн-тіркеу тегін, яғни мемлекеттік баж салығын төлеуді талап етпейді.

**Бағдат НАУМАҒАМБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы ауданаралық әділет басқармасының басшысы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020

***«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес «Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығы (бұдан әрі – қағидалар) бекітілді.***

# ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫН АЛУ ТУРАЛЫ




Ережеге сәйкес жергілікті атқарушы органдар тұрғын үйді сатып алу үшін бастапқы төлемді жабу үшін әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын ұсынады.

Әлеуметтік көмек түрінде – отбасының табысы отбасының әрбір мүшесіне айына ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген көрсеткішінен аспайтын адамдарға көрсетіледі. Әлеуметтік көмек сомасы тұрғын үй құнының 10%-ы мөлшерінде, бірақ 1 (бір) миллион теңгеден аспайды. Келесі санаттарға беріледі:

1) мүгедек балалары бар немесе мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

2) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

3) толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

4) «Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы №154 бұйрығымен бекітілген, Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 тіркелген) сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есебімен, еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттік ұйымдарының мамандары және өзге де салалардағы мамандар (жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

Жоғарыда көрсетілген бағдарлама бойынша тұрғын үй сертификатын алу үшін **«Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не Ғарышкерлер бульвары 39А, №208 кабинет** мекенжайына хабарласыңыз. Жұмыс кестесі: **Дүйсенбі – жұма күндер сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс уақыты: 13.00-14.30**. Анықтама телефоны – **762333.**

**«Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

## *күн тәртібінен түспейді*

***Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.***

Күнделікті халық арасында ана жерде пәленше деген сыбайласып жеп кетіп, қомақты қаржы ұрлап шетел асыпты, тағы да басқа айтылатыны жасырын емес, ол жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында ашық айтылып жатады. Осы сыбайлас жемқорлық деген не, ең бірінші осы мәселені ашып алған орынды. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік биліктегі яғни басқару жүйесіндегі мемлекеттік қызметшілердің қамқорлығының немесе оның бүркелемеуі, сондай-ақ, тікелей ұйымдасуы арқылы мемлекеттің мүлкін, қаржысын ұрлауы болып табылады. Бір адамның екінші адамға тікелей тәуелділігі арқылы ақшалай, заттай пара алу немесе беруі сыбайласудың ауыр түрі екені белгілі. Жалпы сыбайласу экономикалық қылмыс жолымен ауыр пара беру, алу мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне ауыр соққы әкелетіні, сондықтан оны жоюдың пәрменді шараларын алу қажеттілігі кез-келген мемлекеттің күн тәртібінен түспеген. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Президентіміздің 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Қазақстан Республикасының заңымен реттелген. Президентіміздің 100 нақты қадам стратегиялық тапсырмасымен жемқорлықты жою шаралары алу белгіленген. Кей жағдайда экономикалық-қаржылық салдары жоқ қаржылық ұрлық немесе пайдаланып кету орын алмаған грамматикалық қате, тіпті іс қағазының дұрыс толтырылмағанының өзі сыбайлас жемқорлыққа жатқызылып жатады, бұл қате. Қазағым «Ұрлық түбі қорлық» деп бекер айтпаған, солай екенін біле тұра мемлекеттің мүлкін, ақшасын ұрлау тыйылмай келеді, неге деген сұрақ туындайды. Бұның түп төркіні заманның талабына сай жақсы тұру, қымбат көлік міну, тағы басқа да материалдық мүдеден туындайды. Мемлекеттік қызметшілердің материалдық жағдайын яғни еңбек ақысын өсіру, тағы басқа жеңілдіктер беру де сыбайлас жемқорлықтың анағұрлым азаюына септігін тигізетін фактор екені рас. Сондай-ақ патент, лицензия беру, жиі аттестаттау, түрлі тестілер өткізу, тіпті рейтингтік бағалаудың өзі сыбайластықты яғни пара беру, алу жолдарын туындатуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл жағдайларда қатаң бақылау орнату (әртүрлі сенім телефондарын орнату, қайта қарсы тексерулер жасау т.б) өз нәтижесін берері күмәнсіз.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің жолы электрондық қызмет көрсетудің аясын кеңейту. Бұл тұрғыда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасында «Қазынашылық – Клиент» ақпараттық жүйесі іске асырылған. Басқарма мемлекеттік мекемелерге электрондық түрде қызмет көрсетеді. Электрондық қызмет сыбайласудың жолын кесе отырып қағазбастылықты жеңілдетеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу – мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс.

**Роза ШЕРТАЕВА,**
**Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары**




*Қазіргі уақытта ең көп жазылатын тақырыптың бірі – көшбасшылық. Батыс зерттеушілерінің бұл мәселеде егжей-тегжейлі зерттелген еңбектерін жиі кездестіруге болады. Осы еңбектерді оқып отырып, мұсылмандық құндылықтардан өзіне қажетті көптеген мағлұмат алғанына көз жеткіземіз. Адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарды тура жолға бастайтын, оның артынан махаббатпен еретін, керемет көшбасшы болған.*

# КӨШБАСШЫҒА ТӘН ӘДЕПТЕР ҚАНДАЙ?



Қасиетті Құранда Алла Тағала: **«Оларды әміріміз бойынша тура жол көрсететін имам қылып, оларға жақсылық істеуді, намазды орындауды, зекет беруді уахи қылдық. Олар бізге құлшылық қылушы еді»**, – деп айтқан (*«Әнбия» сүресі, 73-аят*). Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистеріне мән берсек, адамдарды жақсылыққа бастар көшбасшыға тән көптеген сипатты көруге болады.

**1. Қасиетті Құран мен Пайғамбар сүннетін басшылыққа алу**. Мұсылман көшбасшы сөзінде, ісінде, мінезінде, мақсатында, Қасиетті Құран мен Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетін басшылыққа алу қажет. Осы себепті де Айша анамыз (оған Алла разы болсын): **«Оның мінезі Құран еді»**, – деп айтқан (*Әбу Дауд, Ибн Мажа*). Хафиз ибн Касир хадистің мағынасы жайында: «Ол Құранның әмір еткендерін жүзеге асыруды және Құранның тыйым еткендерінен алшақ болуды өзіне міндет қылды. Сондықтан Жаратушының әміріне бағынуы оның мінез-құлқына айналды», – деген (*«Әл-фусулу фи сирати әр-расул»*).

**2. Мақсатты болу**. Көшбасшының белгілі бір мақсаты болып, сол мақсаты үшін әр кез харекет етіп, өзгелерге де сол жолда жігер бере білуі тиіс. «Мақсатсыз адам – желкенсіз кеме тәрізді», «Мақсатсыз адам – қанатсыз құсқа тең» дегендей, мақсаты жоқ адамның өмірі де мәнсіз болмақ. Адамның арманы асқақ, мақсаты биік болған сайын, өміріне мағына кіріп, әр ісінде шырақтық пайда болады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Алладан сұрасаңдар, Фирдаусты сұраңдар»**, – деген (*Тирмизи*). Фирдаус жәннаттың ең жоғарғы дәрежесі екені белгілі. Осы сөзі арқылы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұсылманның мақсаты биік болып, соған жету жолында бар ынтасымен амал ету керектігін меңзеген. Мақсат биік болуымен қатар нақты болу қажет. Яғни арман не қиял ғана болып қалмай, адамның бойында соған жетуге деген ұмтылысы мен әрекеткі болу керек. Сонда мақсат нақты болып, оған жетудің стратегиясы мен жоспарын құру оңай болады.

**3. Жоспарлау.** Көшбасшы мақсатына жетудің жоспарын құрып, әр уақытта келесі қадамы қандай болатынын біліп отыруы тиіс. Көшбасшы мақсатына қарай күнделікті атқарылатын істеріне жоспар құрғанда, мына жайттарды ескергені жөн.

Біріншісі, бір күнгі атқаратын істерді алдын-ала жақсылап ойлап, ақыл таразысына салып, ой елегінен өткізіп, кейін қағаз не ұялы телефондағы арнайы бағдарламаға түсіру.

Екіншісі, маңызды істерді алдыңғы жоспарлап, келесі күні де істеуге болатын немесе кез келген бос уақытта атқарылатын істерді одан кейін жазу.

Үшіншісі, атқарылатын істер тізіміне барлық ұсақ-түйекке дейін қалдырмай жазған дұрыс. Өйткені сол ұсақ дегенісімізге кейде уақыттың басым бөлігі кетіп қалып жатады.

Төртіншісі, жоспарлаған істерді 100% толық атқару мүмкін емес. Бар өмірі қағаз бетінде тұрған адам кейде өзін жоспардың құлы ретінде сезінуі әбден мүмкін. Сондықтан істерді жоспарлауда ең дұрысы 70/30 қағидасына сүйенген жөн. Өйткені күнделікті өмірде адам жоспарламаған сәттер мен жұмыстар кездесіп жатады. Сол үшін жоспар құрарда бос уақытқа да көңіл бөлу керек.

Бесіншісі, әр күні кеште келесі күннің жоспарын жазу қажет. Өткен күнгі атқарылған істердің үстінен атқарылғанын білдіретін белгі қойып не үстінен сызып тастау қажет. Құрылған жоспардың қанша пайызы атқарылғанына назар салып, есеп берген дұрыс.

Алтыншысы, жазылған істің ішіне демалыс уақытын белгілеу қажет. Мысалы, 50 минут жұмыста 10 минут демалыс енгізу қажет. Бұл бос уақытты спортпен шұғылдану, жақындарға қоңырау шалу, отырған жерді жинау, көз талса уқалау деген сияқты істермен пайдалы етіп өткізуге тырысу керек.

Жетіншісі, артық жоспар құрмау. Кейде адам жоспарды тым ауыр етіп құрғандықтан, жоспар іске аспай жатады. Сондықтан жоспар нақты іске асыруға шамаңыз келетін істен тұру қажет.

Сегізінші, күнде таңда бір күндік жоспарды қарап өтіп, күндіз сол жоспар бойынша амал етіп, ал кешке істелген істердің дұрыс-бұрысын саралап, өзіне есеп беру әдетке айналмайынша жоспар тек қағаз бетінде қалады.

Хәкім Абай атамыз он бесінші қара сөзінде: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» – дейді.

**4. Позитив болу.** Ислам дінінде позитив болудың маңызы өте зор. Мұсылман адам әркез позитив болу арқылы айналасындағы қоғамды да сондай көзқарасқа шақырады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: **«Қиямет басталған сәтте әлдебіреуің ағаш отырғызып жатқан болса, оны** (тастап кетпей) **отырғызсын»** (*Ахмад, Бұхари*) дейді. Бұл хадистен мұсылманның қаншалықты позитив болу керектігі сипатталған. Ол қиямет басталып, өмірімінің ең соңғы сәті тақап қалса да, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге бұйырылған. Шынайы көшбасшының қандай қиын жағдай болса да мойымай, болашақта Алла Тағаладан тек қайыр-жақсылық үміт етіп, өзгелерге күш-жігер сыйлай білуі өте маңызды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүниеден өткені жайындағы хабар сахабаларға өте ауыр тиген еді. Өз құлағына өзі сенбей, талып құлап жатқандар болған. Алайда Әбу Бәкір сол кезде нағыз көшбасшының ісін жасады: «Әй, адамдар! Егер араларында Мұхаммедке құлшылық еткендер бар болса, біліңдер, Мұхаммед дүниеден өтті! Кімде-кім Алла Тағалаға құлшылық қылған болса, Ол тірі, мәңгілік өлмейді. Алла Тағала қасиетті Құранда: **«Мұхаммед бір елші ғана, одан бұрын да елшілер өткен. Ал сонда ол өлсе не өлтірілсе, кері қайтып кетесіңдер ме?»** – дейді» (*«Әли Ғымран» сүресі, 144-аят*). Осы кезде айналасына жиналған адамдар бұл аятты жаңадан естіп тұрғандай болып, есін жияды.

Позитив көшбасшының бойынан табылатын сипаттар төмендегідей. Біріншісі, жымию. Шынайы көңіліңізбен жымисаңыз, өзге адам мен араңыздағы бөгет алынып, көңіліне жылылық ұялап, сіздің оған деген құрметіңізді сезініп, ол да сізді құрметтейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: **«Бауырыңның жүзіне қарап жымиюың – садақа»**, – деген (*Тирмизи*). Ендеше, өзара бауырмашылықтың артуына себеп болатын әрі садақа берумен сауабы пара-пар болған мұндай іске ешқашан бей-жай қарауға болмайды. Әбу Зар (оған Алла разы болсын) «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) маған: **«Еш уақытта (шариғаттың) жақсылық деп таныған ісіңе немқұрайлылық танытушы болма, тіпті бауырыңды күлімдеп қарсы алу тұрғысында болса да»**, – деді» деген хадисті жеткізген (*Мүслим, Тирмизи*).

Екіншісі, жасаған жақсылық үшін ешкімнен алғыс, рахмет күтпеу. Біз жақсылығымызды Алла разылығы үшін істейтін болғандықтан, ол үшін ешкімнен алғыс, рахмет күтпеуіміз керек. Әлдекімге жақсылығымыз тиіп, ол рахмет айтпаса ренжу мұсылманға тән іс емес. Адамның ұмытшақтығын ескеріп, үзірін қабыл етіп үйренген жөн. Ең бастысы Алла разылығы үшін жасалған амалдың сыйы Алладан екенін естен шығармау қажет. Қасиетті Құранда Алла Тағала жәннаттық құлдарын: «Олар: **«Шын мәнінде сендерді Алланың ризалығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден бір төлеу, алғыс тілемейміз» (дейді)»**, – деп сипаттаған (*«Инсан» сүресі, 9-аят*). Алайда рахмет күтпеу деген ешкімге рахмет айтпау керек дегенді білдірмейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: **«Кім адамдарға шүкірлік етпесе, Аллаға да шүкірлік етпеген болады»**,– дейді (*Әбу Дауд, Ахмад*).

Үшіншісі, сынаққа сабыр ету. Суһайбтан (оған Алла разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Мүмін адамның жағдайына таң қаласың! Шындығында, оның кез-келген ісінде хайыр бар, әрі бұл мүміннен басқа ешкімге берілмеген. Егер оған бір жақсылық келсе, ол Аллаға шүкірлік айтады және оның сол айтқанында қайыр бар, ал егер оған бір қайғы келсе, ол оған сабыр етеді, оның бұл ісі де өзіне қайыр болып оралады»** (*Мүслим*).

**5. Үлгі болу**. Кез-келген мекеменің мәдениеті жоғарыдан басталады. Сол себепті көшбасшы өзі атқарып жүрген ісінде өзгелерге үлгі болу қажет. Құранда Алла Тағала: **«Әй, иман еткендер! Сендер өздеріңді түзетулерің керек»**, – дейді (*«Мәида» сүресі, 105-аят*).

Әдетте бір мекеменің басшысы қандай киім кисе, қызметкерлер де солай киінеді. Басшы қызметкерлерін құрметтесе, қызметкерлер де бір-бірін құрметтейді. Өзі жұмысқа кешігіп келетін басшының қызметкерлерін кешікпей келуге үйретуі қиынға түседі.

**6. Адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу**. Нағыз көшбасшы әрбір сөзі не ісінде өзгелерге жұмсақтық пен қамқорлық танытуы тиіс. Міне, осы кезде қызметкерлер өз ұжымын екінші отбасындай көріп, көшбасшыны сол отбасының отағасындай құрметтейді. Адамдар өзгелермен үш түрлі деңгейде қарым-қатынас жасайды.

Біріншісі, өзіне жасалған қарым-қатынастан төмен деңгейде қарым-қатынас жасайтындар. Екіншісі, өзіне жасалған қарым-қатынаспен тең деңгейде қарым-қатынас жасайтындар. Үшіншісі, өзіне жасалған қарым-қатынастан жоғары деңгейде қарым-қатынас жасайтындар.

Бірінші деңгейде қарым-қатынас жасау адамдардың сізге деген жеккөрінішін оятып, сіз туралы жаман пікірде болуына алып келеді. Екінші деңгейдегі қарым-қатынас адамдарды сізден алшақтатпағанымен, сіздің артыңыздан еретіндей, сізге қарай тартылатындай жағдай туғызбайды. Үшінші деңгейде қарым-қатынас жасау адамдардың сізге деген сүйіспеншілігі мен достығын оятатын, артыңыздан еретіндей жағдай туғызатын, нағыз Пайғамбарымызың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті деп танылады. Пайғамбарымыздың сирасын оқитын болсақ, өзіне, жақындарына небір қастандық жасаған дұшпандарын кешіріп, жамандығына жақсылықпен жауап беру арқылы олардың өкініп, қателігін түсінуіне, тура жолға түсуіне себеп болған. Құран аятында Алла Тағала: **«Жамандықты ең көркем түрде жолға сал.** (Жамандыққа қарсы жақсылық қыл) **Сол уақытта екеуіңнің араңда дұшпандық еткен біреу, өте жақын достай болады»**, – деген (*«Фуссилат» сүресі, 34-аят*) Аятта Алла Тағала жамандық жасаған адамға тек «жақсылық жаса» деп емес, «ең көркем түрде жақсылық жаса» деп бұйырған. Халқымыздың «Таспен ұрғанды аспен ұр», «Жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер адамның ісі» деген нақыл сөздері осыған байланысты айтылса керек.

**7. Адамдардың жақсы амалын қошеметтеу**. Әр адамның бойында жақсылықты сүю, жақсылыққа құштарлықпен қоса нәпсі де бар екенін естен шығармау қажет. Нағыз көшбасшы өзге адамның нәпсісіне тимей, жақсылыққа деген ынтасын оята білу қажет. Кез келген адамның бойында жылт еткен жақсылығы болады. Иса (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбар шәкірттерімен келе жатқанда алдынан бір ит шығады. Сонда шәкіртінің бірі: «Мына ит не деген жиіркенішті еді», – десе, енді бірі: «Сұрқы неткен жаман еді», – дейді. Біреуі тұрып: «Исі неткен сасық еді», – деп жиіркенеді. Сонда Иса пайғамбар: «Бұл иттің тісі неткен аппақ еді», – деген екен. Сол себепті көшбасшы әр қызметкердің бойындағы жақсы сипатын көре біліп, оны бағалайтынын сездіре білу керек.

**8. Тапсырма емес, өтініш ету**. Біреудің бізге бұйрық бергенін ұнатпайтынымыз сияқты, ешкім өзіне басқа адамның бұйрық бергенін ұнатпайды. Әрине күш-қауқары жетіп тұрған адам өзінен төменгі адамға бұйрық беруіне болады. Бірақ істің соңғы нәтижесінде ол басшының қол жеткізетінінен жоғалтатыны көп болуы әбден мүмкін. Ол – қызметкердің басшыға деген құрметі мен сүйіспеншілігі. Бұйрық берілгенде адамның ішкі жан дүниесінде бірден қарсылық пайда болатынын психолог мамандар да айтуда. Бұйрық айтушыға оңай болғанымен істеушіге қиын соғады. Өтініш айтушыға қиын болғанымен, істеуші үшін оны атқару жеңіл келеді. Сол үшін де тапсырманы адамдар өзін жақсы сезінетіндей дәрежеде беру көшбасшының шеберлігін байқатады. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» демекші, тапсырманы өте жұмсақ түрде айтып: «Мына істі атқарып жібересіз бе?» – деп, немесе сұрақ арқылы: «Мына істі былай істесек, дұрыс бола ма?», «Бұл жұмысты былай атқарсақ қалай қарайсыз?» – деген сияқты үлгіде қолдануымызға болады. Имам Шәфиғи: «Кей жағдайда ұтысқа жеткеннен гөрі, адамның жүрегіне жол табу маңызды», – деген. Сондықтан да өтініш айту арқылы адамға құрмет білдіріп қана қоймай, жүрегінде сізге деген құрметтің жоғалмауына ықпал етесіз.

**9. Өзгелердің қателігін даналықпен түзеу**. Өзгелерге ашулану, дауыс көтеру мәселеден шығудың жолы емес. Құранда Алла Тағала Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Оларға Алланың мейірімі бойынша жұмсақ сыңай байқаттың. Егер тұрпайы, қатал жүректі болсаң еді, әрине олар маңайыңнан таркап кетер еді. Сондықтан оларды кешірім ет»**, – деген (*«Әли Ғымран» сүресі, 159-аят*).

Қызметкерлерінің басшысын ұнатпауының негізгі себебі ашық сын айтқанынан. Өзгенің қателігін жөндегісі келген адам ол қателікті бірден бетіне баспай, жұмсақтықпен жеткізу керек. Сол кезде ол адам қателігін шынайы көңілмен түсінеді.

Әбу Һурайрадан (оған Алла разы болсын) жеткен хадисте: «Бірде бір бәдәуи мешітке кіріп кіші дәрет сындыра бастады. Оны көрген адамдар орнынан атып тұрып, тоқтатпақшы болды. Бірақ Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оларға: **«Оған тимеңдер, дәрет сындырған жеріне бір шелек су құйыңдар. Өйткені сендер қиындық емес, жеңілдік жасауға жіберілдіңдер»**, – деді. Кейін оған жұмсақтықпен түсіндіріп, бәдәуи қателігін түсінеді.

Өзгенің қателігін түзеу барысында көшбасшы мына істерді басшылыққа алған жөн. Біріншісі – сол істе өзі басқаларға үлгі болу. Екіншісі – адамның істеген қателігін көрген уақытта бірдей бетіне баспай, қолайлы уақытты таңдап айту. Үшіншісі – қателігін сөз қылмай тұрып, ол адамның жақсы қасиеті туралы айту. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде бір сахабасының көп ұйықтайтынын **«Абдулла неткен жақсы адам, бірақ түнде намаз оқыса (одан да) жақсы болар еді»** (*Бұхари, Мүслим*) деген үлгіде жеткізген. Содан кейін ол адам өте аз ұйықтайтын болған.

Төртіншісі, адамның өзін емес, оның істеген ісін сынға алу. Қателік жасаған өзге бір адам жайында әңгіме не қисса айтып отырып та адамның қателік істегенін түзетуге болады. Ол көшбасшының өзі жасаған қателігі мен оны қалай жөндегендігі турасындағы әңгіме болуы да мүмкін. Саналы адам әңгімені тыңдай отырып, өз қателігін түсінері сөзсіз.

**10. Көркем түрде пікір алмасу**. Ақылды көшбасшы дау-дамайға жол бермейді. Мұндай жағдайға тап болған жағдайда оның да әдебін сақтау қажет. Қасиетті Құранда Алла Тағала: **«Әрі олармен ең көркем түрде тартыс»**, – деп бұйырған (*«Нахыл» сүресі 125-аят*).

Жалпы дауда әркім өз пікірін дәлелдеуге тырысады. Біз қарсыласымыз сөзімізді тыңдап, пікірімізге құрмет көрсеткенін қаласақ, оған бұның қалай жасалатынын көрсетіп, үлгі болып, алдымен оның пікіріне құрмет көрсетуіміз қажет. Бұл – оны мойындатудың ең жақсы тәсілі. Бастапқыда қарсы пікірдегі адамның сөйлеп алуына мүмкіндік беру керек. Алдымен өзгені түсініп, кейін оған түсіндіру – пікір алмасудағы ең қолайлы тәсілдердің бірі. Бірден оның пікірін жоққа шығармай, «мен сіздің пікіріңізді сыйлаймын», «өте жақсы айттыңыз, бірақ бұл мәселеге қатысты мынандай да пікір бар» деген сөздермен бастаған тиімдірек. Бастапқыда қарсылас келісіп, «иә» деп келісетініндей сұрақ қоюға тырысу керек. Оның артынан қойылатын үшінші, төртінші сұрақтарда дәл солай жалғасын табуы тиіс. Ең соңында бұл көп жағдайда қарсыластың сіздің пікіріңізбен келісуіне алып келеді. Себебі Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарға кей мәселелерді түсіндіргенде осылай істеген болатын.

**11.Үздіксіз даму**. Тірі мен өлінің негізгі айырмашылығы, тірі зат әрдайым өсіп отырады. Кез-келген зат өлгенде өсу мен өзгеріске ұшырауы тоқтайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: **«Екі күні бір-біріне ұқсаған адам алданушы»**, – деп айтқан. Көшбасшы адам әрдайым ізденіп, кітап оқып, өзін дамытуына жәрдемі тиетін адамдармен араласып, білмегенін сұрап, өзі де басқалардың дамуына жәрдем етеді. Өзін дамытпаған адам ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмай, өмірбойы бір іспен айналысып қала береді.

**12. Сынға ілігуден қорықпау**. Бес саусақ бірдей болмайтыны сияқты адамдардың барлығы бірдей емес. Бір адам ұнатып жатса, біреу жақтырмай, сын көзбен қарауы мүмкін. Бәріне бірдей жағу көшбасшының міндеті емес. Тіпті бұл мүмкін де емес. Әркімге жағуға тырысып, жағымпаздануды ғалымдар екіжүзді адамның сипатына жатқызған. Сол себепті әрбір көшбасшы оның сыртынан айтылған сөзге, сынға дұрыс қарай білуі тиіс. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, орнымен айтылған сын болса, көшбасшы оны қабыл етіп, өз қателігін түзейді. Мұны да адамның өзінің жеке дамуына, үйренуіне берілген мүмкіндік деп пайымдаған жөн. Қателіксіз адам болмайды. Мүміндердің әміршісі Омар ибн Хаттаб (оған Алла разы болсын) бір сөзінде: «Менің қателігімді өзі сыйға тартқан адамды Алла мейіріміне бөлесін», – деген. Сыннан қашу арқылы адам өз қателігін түзеп, сабақ алу мүмкіндігінен қағылады. Ал орынсыз шүйлігіп, жоқ жерден кір іздеп, сыртынан ғайбат айтушыларды елемеген жөн.

**13. Жаңа көшбасшы тәрбиелеу**. Үлкен мақсатқа жалғыз қол жеткізе алмайсың. Сондықтан нағыз көшбасшы ұлы мақсаттарға жету үшін өзге көшбасшыларды тәрбиелей білу керек. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) 23 жылғы пайғамбарлық өмірінде Алла Тағаланың уахиын адамдарға жеткізіп қана қойған жоқ. Оны өзгелерге үйретіп-түсіндіретін, өзгелердің бақыты үшін өмір сүретін асыл тұлғаларды тәрбиелеп шығарды. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі: **«Сахабаларым жұлдыз іспеттес. Қайсыбіріне ерсеңдер де тура жол табасыңдар»**, – деген (*Ибн Хазм, «Әл-Ихкәм»*). «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, инвестицияны талапты адамдарға салу – ең көркем істердің бірі.

**Думан САЙФУЛЛА,**
**ҚМДБ уағыз-насихат бөлімінің маманы**

***«Мұнара» газеті, №13, 2021 жыл***

## 2021 ЖЫЛҒЫ ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

*Жезқазған қаласының уақыты бойынша*

| ТАМЫЗ | Күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Ақшам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жексенбі | 04:17 | 06:03 | 13:39 | 18:50 | 21:07 | 22:53 |
| 2 | Дүйсенбі | 04:19 | 06:04 | 13:38 | 18:49 | 21:06 | 22:51 |
| 3 | Сейсенбі | 04:21 | 06:06 | 13:38 | 18:48 | 21:04 | 22:49 |
| 4 | Сәрсенбі | 04:23 | 06:07 | 13:38 | 18:47 | 21:03 | 22:47 |
| 5 | Бейсенбі | 04:25 | 06:08 | 13:38 | 18:46 | 21:02 | 22:45 |
| **6** | **Жұма** | **04:27** | **06:10** | **13:38** | **18:45** | **21:00** | **22:42** |
| 7 | Сенбі | 04:29 | 06:11 | 13:38 | 18:44 | 20:58 | 22:40 |
| 8 | Жексенбі | 04:31 | 06:12 | 13:38 | 18:43 | 20:57 | 22:38 |
| 9 | Дүйсенбі | 04:33 | 06:13 | 13:38 | 18:42 | 20:55 | 22:35 |
| 10 | Сейсенбі | 04:35 | 06:15 | 13:38 | 18:41 | 20:54 | 22:33 |
| 11 | Сәрсенбі | 04:37 | 06:16 | 13:37 | 18:40 | 20:52 | 22:31 |
| 12 | Бейсенбі | 04:39 | 06:17 | 13:37 | 18:39 | 20:50 | 22:29 |
| **13** | **Жұма** | **04:41** | **06:19** | **13:37** | **18:38** | **20:49** | **22:26** |
| 14 | Сенбі | 04:43 | 06:20 | 13:37 | 18:37 | 20:47 | 22:24 |
| 15 | Жексенбі | 04:45 | 06:21 | 13:37 | 18:35 | 20:45 | 22:22 |
| 16 | Дүйсенбі | 04:47 | 06:23 | 13:36 | 18:34 | 20:43 | 22:19 |
| 17 | Сейсенбі | 04:49 | 06:24 | 13:36 | 18:33 | 20:42 | 22:17 |
| 18 | Сәрсенбі | 04:50 | 06:26 | 13:36 | 18:32 | 20:40 | 22:14 |
| 19 | Бейсенбі | 04:52 | 06:27 | 13:36 | 18:30 | 20:38 | 22:12 |
| **20** | **Жұма** | **04:54** | **06:28** | **13:36** | **18:29** | **20:36** | **22:10** |
| 21 | Сенбі | 04:56 | 06:30 | 13:35 | 18:28 | 20:34 | 22:07 |
| 22 | Жексенбі | 04:58 | 06:31 | 13:35 | 18:26 | 20:32 | 22:05 |
| 23 | Дүйсенбі | 05:00 | 06:32 | 13:35 | 18:25 | 20:31 | 22:03 |
| 24 | Сейсенбі | 05:02 | 06:34 | 13:35 | 18:24 | 20:29 | 22:00 |
| 25 | Сәрсенбі | 05:04 | 06:35 | 13:34 | 18:22 | 20:27 | 21:58 |
| 26 | Бейсенбі | 05:05 | 06:36 | 13:34 | 18:21 | 20:25 | 21:56 |
| **27** | **Жұма** | **05:07** | **06:38** | **13:34** | **18:19** | **20:23** | **21:53** |
| 28 | Сенбі | 05:09 | 06:39 | 13:33 | 18:18 | 20:21 | 21:51 |
| 29 | Жексенбі | 05:11 | 06:40 | 13:33 | 18:16 | 20:19 | 21:48 |
| 30 | Дүйсенбі | 05:12 | 06:42 | 13:33 | 18:15 | 20:17 | 21:46 |
| 31 | Сейсенбі | 05:14 | 06:43 | 13:33 | 18:13 | 20:15 | 21:44 |

***Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.***

СҰРАҚ-ЖАУАП

## ЙОГАМЕН ШҰҒЫЛДАНҒАН ДҰРЫС ПА?

***Йога – психологиялық, рухани және физикалық практикаларды қамтитын, ежелгі Үндістанда пайда болған ұғым. Йоганың мақсаты – тән мен жанның үйлесіміне жету. Денені шынықтыру арқылы жан саулығы мен сергектігін жетілдіру.***

Медитация, бұл жағдайда, бақытқа жетудің жалғыз жолы ретінде ұсынылады. Йога мен медитация – индуизм мен буддизмнің ажырамас бөліктері, олардың барлық элементтері реинкарнация сенімімен сусындаған. Бұл көзқарас исламдық танымға қайшы. Йогамен айналысудың дұрыс еместігі туралы «Әл-йуға фи мизан әл-накд әл-ғилми» кітабында мынадай бірнеше себеп келтіреді.

Діни сенімге қайшы. Себебі онда Алла Тағалаға серік қосу, яғни күнге табынып, оның есімдерін қайталау бар. Құранда: «(Уа, Мұхаммед!) Мен тек бір Аллаға құлшылық етіп, Оған еш нәрсені серік етіп қоспауға бұйырылдым. Мен тек Оған шақырамын және Оған қайтамын» деп айт», – делінген (*«Рағыд» сүресі, 36-аят*). Тағы бір аятта былай айтылған: «Шүбәсіз, саған да, өзіңнен бұрын келген пайғамбарларға да: «Егер Аллаға өзгелерді серік етіп қосатын болсаң, істеген барлық (игілікті) істерің зая кетеді. Сөйтіп, сөзсіз зиянға ұшырайтындардың бірі боласың», – деп уахи етілген еді» (*«Зүмәр» сүресі, 65-аят*).

Пұтқа табынушыларға еліктеу. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім бір қауымға еліктесе (ұқсаса), демек ол солардың бірі», – деген (*Ахмад, Әбу Дәуіт, Табарани*).

Кейбір жаттығулар, мысалы әдеттен тыс әрі жарамсыз отыруы, ұзақ уақыт күнде тұру, көз айырмай күнге қарау және т.б. адамның денсаулығына және психологиялық тұрғыдан оған зиянды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Өзіне және өзгеге зиян келтіруге болмайды», – деген (*Ахмад, Ибн Мәжа*).

Уақытты зая кетіреді. Сондай-ақ бұл дүниеде зиян мен шығын, арғы дүниеде апат пен үмітсіздік әкеледі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам қияметте төрт нәрсе туралы сұралмайынша орнынан қозғалмайды: өмірі және оны қалай өткізгені, білімі және оны қалай қолданғаны, мал-мүлкі және оны қайдан алғаны әрі қалай жұмсағаны, денесі және оған қалай күтім жасағаны», – деген (*Тирмизи*).

Ал тыйым салынған іс-әрекеттерді жасамау шартымен спорт ретінде йогамен айналысуға шариғат рұқсат етеді. Алайда йога арқылы денесі мен ақыл-ойын қалыпты жағдайда сақтауды көздеген мұсылман исламдағы құлшылықтардың әлдеқайда артық екенін ескергені жөн. Өйткені намаз, зікір, ораза сынды ғибадаттардың тәнге саулық, жүрекке тыныштық беретіні анық. Құранда: «Жүректер Алланы еске алу арқылы ғана жай тауып, толық қанағаттанады», – делінген (*«Рағыд» сүресі, 28-аят)*.

## ҮЙ ШАРУАСЫ ӘЙЕЛДІҢ МІНДЕТІ МЕ?

**Сұрақ:** ***Әйел үйді сыпыру, тамақ пісіру, кір жуу секілді үй ішіндегі жұмыстарды істеуі міндетті ме?***

**Жауап:** Жалпы ғұламалардың кейбірі әйел үйдің жұмыстарын істеуі тиіс десе, кейбірі міндетті емес дейді. Дегенмен, Ханафи мәзһабы бойынша әйелдің діни тұрғыдан күйеуіне қызмет етуі – уәжіп[1]. Яғни үйді сыпыру, кір жуу, тамақ пісіру т.б. үйдің шаруасына қатысты жұмыстарды істеуі тиіс. Бұл ғасырлар бойы әдет-ғұрып бойынша қалыптасып келе жатқан әйелдің ері алдындағы міндеті[2]. Оған Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Әли мен Фатима анамыздың арасына төрелік етіп, түздегі істерді Әлиге тапсырып, үй ішіндегі қызметтерді Фатиманың атқарар шаруасы деп белгілегені дәлел болады[3].

Сондай-ақ, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) және сахабалардың әйелдері де үйдің қызметін атқарған[4]. Айша анамыз: «Пайғамбарымыздың мисуагын, дәрет суын әзірлеп қоятынмын»[5] деген.

Әбу Бәкірдің қызы Әсмә да былай дейді: «Үй шаруасының бәрі менің мойнымда еді. Күйеуім Зубәйрдың атына жем беріп, өзім суғаратынмын»[6]. Осыған орай, әйел үйді сыпыру, тамақ пісіру, киім жуу секілді т.б. үйдің ішіндегі шаруаларды істеуі міндетті. Заманның қыз-келіншектері үй іші шаруаларында осы сахаба әйелдерді үлгі тұтып, оны құлшылықтарының бір бөлшегі ретінде қараған жөн. Бұл арқылы күйеуінің разылығына да жетеді.

Ер кісі де әйеліне шамасы келмейтін істерді жүктемеу керек. Керісінше шамасы келгенше бос уақыттарында оған көмектескені дұрыс.

[1] Әл-Бәдәйығу әс-санайығу фи тәртиби әш-шәрайығи, 4/192. Әл-Мәусуға әл-Фиқһия, 19/44.
[2] Мухаммад Абу Заһра, Әл-ахуалу әш-шахсия,166 б.
[3] Ибн Хажар, Фәтху әл-бәри, 9/507.
[4] Нәбил инб Кәмәлуддин Мухаммад Тахун. Әхкәму әл-усра фи әл-исләм, 240 б.
[5] Муслим риуаяты.
[6] Бұхари, 6/157.

***Дереккөз: muftyat.kz***

## Нұрперзент ДОМБАЙ



ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Ақпарат саласының үздігі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты **Нұрперзент ДОМБАЙ** өмірден озды.

1958 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданына қарасты Қожабақы ауылында дүниеге келген Нұрперзент Домбай ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын бұрынғы Жезқазған облысы Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газетінде бастады. Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінде жауапты қызметтер атқарды. Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Жезқазған облысы бойынша меншікті тілшісі болды. «Орталық Қазақстан» газетінің Жезқазған өңірі бойынша меншікті тілшісі, Жезқазған аймақтық «Мысты өңір» газетіне басшылық жасады. Ал, 2008 жылдан бастап республикалық «Ана тілі» газетінде бас редактордың бірінші орынбасары болып қызмет етті.

Нұрперзент Домбай қаламы жүйрік журналист қана емес, сонымен бірге ойлы да сырлы ақын. Оның екі өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Соның бірі – Алматыдан басылған «Елім деп соғар жүрегім» атты өлеңдер жинағы. Қаламгер – жеті деректі шығармалар кітабының авторы.

Саналы өмірін қазақ журналистикасын дамытуға арнаған Нұрперзент Домбай тілімізді, мәдениетімізбен өнерімізді, салт-дәстүрлерімізді дәріптеп, насихаттауға қаламының күшімен-ақ көп еңбек сіңірді. Артында өлмейтұғын із қалдырған асыл азаматтың оқырмандары барда есімі ұмытылмайды. Ғибратты ғұмыры мен жарқын бейнесі халқының жадында мәңгі сақталады.

**«САРЫАРҚАЛЫҚ» әріптестері**

Жезқазған қаласы әкімі аппараты мен мәслихаты ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Ақпарат саласының үздігі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты

**Нұрперзент ДОМБАЙДЫҢ**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Saryarqa» газетінің ұжымы мен ардагерлері ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Ақпарат саласының үздігі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты

**Нұрперзент ДОМБАЙДЫҢ**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ДИДАР-ҒАЙЫП

# АРДАҚТЫ АЗАМАТ ЕДІ

Үйге кіріп жазу үстеліме отырғаным сол еді телефоным шылдыр ете түсті. Арғы жағынан Ахат Құрмансейітов «аға, Нұрперзент Домбай қайтыс болыпты» дегенде телефоным қолымнан түсіп кетті...

– Иә, Нұрперзент өлім түгілі өкпеге қимайтын, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген, жан біткенге жамандық ойламайтын үлкен жүректі азамат еді. Нұрперзент Алматыдан журналистика факультетін тәмамдағаннан кейін Жезқазған облысына жолдамамен келіп, алғашқы еңбек жолын Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газетінен бастаған болатын. «Жақсыда жаттық жоқ» деген ұжыммен ұйысып, елмен етене араласып кетті. Бір жылдай әдеби қызметкер болып еңбек етіп, талантымен танылған Нұрперзент редактордың орынбасары қызметіне жоғарылады. Одан кейін аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы болды. Сол қызметте істеп жүргенде «Егемен Қазақстан» газетінің Жезқазған облысы бойынша меншікті тілшісі Өтеген Жаппархановтың басқа жаққа ауысуына байланысты Нұрперзент Домбай «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болып кетті. Бұл қызметінде бір жылға жуық істегеннен кейін «Қазақмыс» корпорациясының «Мысты өңір»



газетіне бас редактор болып тағайындалды. Бұл қызметінде біраз жыл жемісті еңбек етіп, Алматыға кетіп еді.

Нұрперзент қайда, қандай қызметте жүрсе де Ұлытауды бір сәт есінен шығарған жоқ, өзінің туған жеріндей көрді. Аудандық газетпен тығыз байланыста болып материалдар жіберіп тұрды. Осы жылы Баспасөз күні қарсаңында қасиетті Ұлытау туралы, бірге қызмет істеген әріптестері жайлы жазған көлемді материалы аудандық «Ұлытау» газетінде жарияланып еді. Нұрперзент республикалық «Ана тілі» газеті редакторының орынбасары болып жүр еді.

Мейірімсіз сұм ажал хансың ба, қарасың ба, қартсың ба, баласың ба, данышпан-данасың ба қарамай ала береді. Адам өмірге келген соң ерте ме, кеш пе өлімнің келері анық. Бірақ, Нұрперзенттің шығары биігі, алар асуы алдында еді. Амал не, сұм ажал оған жеткізбеді?! Оның артында айшықты із қалды. Нұрперзент көзден кеткенмен, көңілден кетпейді.

Алдың жарық, артың қайырлы болсын ардақты да асыл азамат дегеннен басқа қолдан келері жоқ.

Азамат едің ардақты,
Мінезің жақсы салмақты.
Тұнып тұрған талант ең,
Білімің терең жан-жақты.

Жалындап тұрған шағыңда,
Сұм ажал салды-ау қармақты.
Келген соң мына жалғанға,
Ел билеген хандар да,
Данышпан, дана жандар да.
Ажалдан аман қалған ба?
Жаныңды Алла жарылқап.
Жұмақта болсын орының,
О дүниеге барғанда.

Әмин!

**Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ**

# БИЯЗЫЛЫҒЫ КӨЗГЕ ҰРЫП ТҰРАТЫН

Биыл қатар еңбек еткен, көңіл жалауын бірге желбіреткен екі әріптестен айырылып, екінші рет азанама жазуға мәжбүр болып отырмын!..

...Екеуіміз облыстық «Жезқазған туы» газетіне 80-жылдардың орта тұсында қатарласа келдік қой деймін. Мен – Жездідегі «Октябрь туынан», ол – Ұлытаудағы «Ұлытау өңірінен». Сол тұстары Қазақстандағы жалғыз журналистика факультетін менен екі-үш жыл бұрын бітірген Нұрперзентпен арамызда екі жастай ғана айырмашылық болғанымен өзін-өзі үнемі салмақты ұстайтын ол маған қарағанда ересектеу көрінетін. Әсіресе, ешқашан дауыс көтеріп сөйлемейтін қалыбы, төске өрлеп, басқа шығудан мүлдем ада биязылығы бірден көзге ұрып тұратын.

Ұмытпасам, Ұлытаудың аудандық газетінде редактордың орынбасары болған партия қатарындағы Нұрперзент Домбайға газет басшылығының ұсынысымен облыстық партия комитеті үгіт-насихат бөлімін сеніп тапсырды. Мінезі қандай орнықты әрі биязы болса, жазғандары да сондай салмақты, артық-ауыс көңіл-күй ықпалынан тыс, сыпайы болып келетін. Солайша өзіндік бітім-болмысы мен жазу мәнері оның мәдениеттілігін айқындап тұрушы еді.

Әлі есімде, жалындаған жиырма бес пен отыздың ортасында орғытып жүрген кездердің бірінде әлдебір қатаң тәртіптен аттап кетіп, редакцияның жалпы жиналысына түсіп тұрған сәтте қабақтарын түйе түсіп келе жатқан басшылықтың көңіл ауанын тап осы Нұрперзент марқұм күншуаққа қарата бұрып жіберіп еді. Алғашқы болып сөз алған оның айтқаны «ана бір кездері көршілес «Октябрь туы» газетінде соңғы кездері пайда болған талантты кім деп таң қалып жүргенде, осы облыстық газетте бас түйістіріп қуанған едім, жастық шақтағы адуын мінезді ауыздықтай бергенше, адамның адамгершілігі мен талантына қарайықшы» дегенге сайған. Сонымен не керек, жалпы жиналыс талқылауға емес, менің мерейтойыма айналып жүре бергендей болған. Оның сол адалдығына, әділдікті қалап тұратын көңіліне мәңгі тәнті болып қалғанмын сонда.

Нұрперзент «Сырда туып, Қырда өстім» дейтін азаматтардың бірі еді. Атақты Шынболат Ділдебаевтың осы аттас өлеңін алға тарта отырып жазған өлеңінде «Мен де солай, Сырда туып, Қырда өстім, Қазалыға, Ұлытауға – жерлеспін. Табан тіреп тұра алмайсың тартынып, Тағдырының дегеніне ермес кім?» дей келіп, «Қос топырақ – қасиетті, киелі, Ұлдары бар, қыздары бар өрелі. Бірін-бірін алалауға хақым жоқ, Бірі – ай болса, бірі – маған күн еді» деп түйіндейді.

Иә, кіндік қаны тамған қасиетті туған жеріне деген перзенттік сағынышы мен өскен, өркен жайған жерге деген адал махаббатын жүрегіне сыйдырып, қоса өрген абзал жан, аяулы әріптес еді Нұрекең!

Жүрегі «елім, жерім!» деп соққан журналистің қаламынан елдің мұңын мұңдаған, жоғын жоқтаған сан-даған публицистикалық туындылар жарық көрді.

Нұрперзент Домбай өлеңінен мәдениеттілігі төгіліп тұратын лирик ақын да еді. Оның қаламынан «Елім деп соғар жүрегім» атты жыр жинағы өмірге келді.

Сырда туып, Қырда өскен арда азаматтардың, талантты қаламгерлердің қатарындағы Ибрагим Бекмаханұлынан айырылып көңіл қара жамылып тұрғанда, міне енді зейнет демалысының қызығын көріп те үлгермей жатып Нұрперзенттің мына жарық дүниемен қош айтысқаны жүрегімізді қарып жібергендей болды.

Оның жазары да, базары да алда еді. Алайда, тағдырдың салғанына амал нешік! Жан жары Тоғжан мен балаларына сабыр берсін.

Рухың Ақ әлемде шарықтасын, асыл азамат, әріптес дос!

**Төлеш АСАНОВ**

САЙЛАУ – 2021

## Жезқазған қаласы Талап ауылдық округі Талап ауылының әкімін сайлау қорытындысы бойынша ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 25 шілдеде Жезқазған қаласы Талап ауылдық округінің Талап ауылы әкімінің сайлауы өтті.

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9-тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде Жезқазған қаласы Талап ауылдық округінің Талап ауылы әкімін сайлау нәтижелері туралы қорытындыларын белгіледі:

**Талап сайлау округі Жезқазған қаласы Талап ауылдық округі Талап ауылының әкімін сайлау бойынша**

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 502 азамат енгізілді, олардың 423-і дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 2, «Барлығына қарсы» деген жолға белгі қойылған – 22.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Қ.М. Бапанов – 310; Ш. Ж. Нұрбек – 54; Г. А. Үсенова – 35.

Жезқазған қаласы Талап ауылдық округінің Талап ауылының әкімі болып Қайрат Мұратбекұлы Бапанов сайланды, 1975 жылы туған, Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары «Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ, Жезқазған қаласында тұрады, «Nur Otan» партиясы» ҚБ ұсынды.

Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45-бабына сәйкес 2021 жылғы 26 шілдедегі шешімімен, 2021 жылғы 25 шілдеде Жезқазған қаласы Талап ауылдық округінің Талап ауылының әкімі болып сайланған **Қайрат Мұратбекұлы Бапановты** тіркеді.

**Жезқазған қалалық сайлау комиссиясы**

# ОТЧЕТ

## АО «Предприятие тепловодоснабжения» г. Жезказгана по итогам I полугодия 2021 года об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателей эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами

*26 июля 2021 года в 15.00 ч. состоялись слушания отчета АО «Предприятие тепловодоснабжения» (юр. адрес: г. Жезказган, ул.Холмецкого, 20) по итогам 1 полугодия 2021 года перед потребителями и иными заинтересованными лицами с трансляцией в прямом эфире посредством социальной сети Facebook с официального аккаунта АО «ПТВС».*

*Выступление директора АО «ПТВС» содержало следующую информацию:*

Акционерное общество «Предприятие тепловодоснабжения» оказывает следующие виды регулируемых услуг:

– услуги по передаче и распределению тепловой энергии;
– услуги по снабжению тепловой энергии;
– услуги водохозяйственной системы (подача воды (питьевой и технической) по распределительным сетям);
– услуги канализационной системы (отвод и очистка сточных вод);
– производство, передача, распределение и снабжение тепловой энергией пос. Геологический (субъект малой мощности).

АО «ПТВС» является предприятием со 100 % государственным пакетом акций.

Отапливаемая площадь жилого массива составляет около 1500 тыс м², услугами предприятия пользуются более 28 500 абонентов – население, юридические лица.

Финансово-хозяйственная деятельность АО «ПТВС» за 1 полугодие 2021 год характеризуется следующими данными:

– доход от реализации услуг 3 083 млн.тг;
– прочие доходы 103 млн.тг;
– себестоимость реализованной продукции 2 456 млн.тг;
– административные расходы и расходы по реализации 261 млн.тг;
– прочие расходы 240 млн.тг;
– итоговая прибыль/+/, убыток /-/ 229 млн.тг.
(направлена на выполнение утвержденной инвестиционной программы)

Тарифы и тарифные сметы на регулируемые услуги на 2021-2025 гг. утверждены Приказом ДКРЕМ по Карагандинской области № 13-ОД от 28.01.2021 г.

Анализ объемов предоставленных регулируемых услуг за I полугодие 2021 г. представлен в нижеследующей таблице:

| Вид регулируемых услуг | Объем оказываемых услуг в натуральном выражении | | Объем оказываемых услуг в стоимостном выражении, без НДС | |
|---|---|---|---|---|
| | Утверждено в тарифной смете на год | Фактически за I полугодие | Утверждено в тарифной смете на год | Фактически за I полугодие |
| Передача и распределение тепловой энергии | 722 480 Гкал | 409 821 Гкал | 1 573 млн. тг | 1 034 млн. тг |
| Снабжение тепловой энергией | 722 480 Гкал | 409 821 Гкал | 1 323 млн. тг | 870 млн. тг |
| Услуги по подаче воды по распределительным сетям (питьевая вода) | 16 428 тыс м³ | 7 527 тыс м³ | 1 470 млн. тг | 681 млн. тг |
| Услуги по отводу и очистке сточных вод | 18 876 тыс м³ | 8 291 тыс м³ | 579 млн. тг | 272 млн. тг |
| Услуги по подаче воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода) | 1 632 тыс м³ | 36 тыс м³ | 51 млн. тг | 1,4 млн. тг |

Тарифные сметы на регулируемые услуги утверждены исполнением на год. Для обеспечения постатейного исполнения тарифных смет проведены процедуры государственных закупок товаров, работ и услуг, заключены договора. Ведутся работы по реализации ремонтной и инвестиционной программы.

### Информация об исполнении утвержденной на 2021 год инвестиционной программы

| Вид деятельности | Сумма утвержденной инвестиционной программы, млн. тг без НДС | Фактическое исполнение, млн. тг. без НДС | Состав мероприятий утвержденной инвестиционной программы | Фактическое исполнение |
|---|---|---|---|---|
| Услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергии | 472,4 | 8,6 | Всего 16 мероприятий, в т.ч. кап. ремонт 9 объектов общей протяженностью 8994 п.м., приобретение 4 ед. спецтехники, 3 ед. электрооборудования | Заключены договора по 10 мероприятиям, в т.ч. – 9 на кап. ремонт, 1 на приобретение экскаватора<br>На 2 объектах протяженностью 1780 п.м. работы на стадии завершения и оформления документации. |
| Услуги подачи воды по распределительным сетям (питьевая вода) | 838,3 | – | Всего 16 мероприятий, в т.ч. кап.ремонт 2 участков Уйтас-Айдосского водовода общей протяженностью 5000 п.м., приобретение. спецтехники и насосного оборудования | Заключены договора по 2 мероприятиям, в т.ч. – 1 на кап.ремонт, 1 на приобретение фронтального погрузчика.<br>Завершаются работы по ремонту 1160 п.м. Нового Северного водовода |
| Услуги по отводу и очистке сточных вод | 219,5 | | Всего 5 мероприятий, в т.ч. кап.ремонт 3 объектов общей протяженностью 2550 п.м., приобретение 3 ед. электрооборудования | Заключены договора по 4 мероприятиям, в т.ч. – 2 на кап. ремонт, 2 на приобретение электрооборудования |
| Услуги по подаче воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода) | 13,4 | 12,7 | 1 мероприятие по кап. ремонту поливочного водовода протяженностью 1000 п.м. | Работы завершены в полном объеме |
| ИТОГО | 1 543,6 | 21,3 | | |

Инвестиционная программа утверждена исполнением на год. Проведены государственные закупки, заключены договора на выполнение работ и закуп материалов. Ведутся работы по реализации инвестиционной программы.

В настоящее время строительно-монтажные работы по замене сетей выполняются в соответствии с графиком.

Результатом качественного выполнения инвестиционной программы служит своевременная подготовка и безаварийное прохождение отопительного сезона 2021-2022 гг., недопущение сверхнормативных потерь энергоресурсов.

Предприятие постоянно ведет претензионно-исковую работу с должниками, в том числе по отключению от услуг, и переписку по спорным вопросам. Необходимая информация доводится до сведения потребителей через средства массовой информации, социальные сети Facebook и Instagram. Несмотря на предпринимаемые меры, не все потребители выполняют обязанности по своевременной оплате за потребленные услуги, нарушая норму Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях».

Качество предоставляемых услуг соответствует санитарным нормам и правилам.

На 2021-2025 годы для АО «ПТВС» Приказом ДКРЕМ по Карагандинской области утверждены уровни тарифов на услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергией, услуги по подаче воды (питьевой и технической) по распределительным сетям, услуги по отводу сточных вод. Приказом утверждены единые тарифы на все 5 лет с дифференциацией по группам потребителей. Информация была доведена до потребителей в установленном порядке.

Разработанные и утвержденные ДКРЕМ по Карагандинской области для АО «ПТВС» показатели качества и надежности регулируемых услуг, показатели эффективности деятельности субъектов естественных монополий отсутствуют.

**АО «ПТВС»**

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

# ӨЗ ТАҒДЫРЫМЫЗ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

***Жаздың аптапты ыстығында судан сая табатындар қарасы қашанда қалың. Дегенмен мұның соңы қайғылы жағдайға да жиі душар етіп жатады. Суға шомылу маусымы басталысымен қаламыздағы төтенше жағдайлар басқармасының жұмысы күрт көбейеді. Себебі олар су жағасында демалушы әрбір азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған аталған тақырып бойынша Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары, мемлекеттік өртті бақылау бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Дидар Құйқабаев пен азаматтық қорғаныс бөлімінің бастығы, майор Дулат АСАНОВ БАҚ өкілдеріне брифинг өткізіп, бірқатар маңызды мәселелерге толығырақ тоқталды.***

Жаз басталғалы аталған басқарма мамандары 665 рет патрульдік рейд ұйымдастырып, 2653 тұрғынға түсіндіру жұмыстарын жүргізген. 1191 су қауіпсіздігі жайлы ақпар берілген жадынама парақшалары таратылыпты. Түсіндіру жұмыстарына басқарма қызметкерлерінен бөлек «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» жастар қанатының волонтерлары жұмылдырылған.

Күн сайын қалалық жұмыспен қамту арқылы қоғамдық жұмысқа тартылған 6 азамат та Кеңгір су қоймасы жағасында адамдардың қауіпсіздік ережелерін бұзбауын жіті қадағалап жүреді. Оған қоса жағажайдағы тәртіпті полиция қызметкерлері де бақылауда ұстайды.

Суға шомылу маусымы ашылғаннан бері полиция қызметкерлері спиртті ішімдік ішіп, мас күйінде суға түскен 17 азаматты анықтап, әкімшілік хаттама толтырған.

– Біз барынша түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Осы мақсатта қала көшелеріне бильбордтар ілінді, Led-экраннан арнайы әзірленген бейнематериалдар үздіксіз ұсынылып отырады. Ажал айтып келмейтіні белгілі. Жақсы жүзе білетін азаматтардың өзі суға батып мерт болатын жағдайлар жиі кездеседі. Алкогольге тойып алып, белгіленген қауіпті аймақтан асып кететіндер тым көп. Олардың барлығын құтқарып қалуға тырысамыз. Суға шомылу маусымы ашылғалы қала бойынша 4 қайғылы жағдай орын алды. Судан ажал құшқандардың қатарында 2 жасар бала да бар, – деген Дулат Асанов тұрғындардан судағы қауіпсіздікті қатаң сақтауды сұрады.

Таяу күндері әлеуметтік желіде талқыға түскен 16 жасар Сәтбаев қаласы тұрғынының судан құтқарылу оқиғасы көп адамға сабақ болары сөзсіз. Кеңгір су қоймасының қақ ортасында өмір мен өлім арасында жанталасқан жас жігітті Жезқазған қаласы әкімімен бірге бақылау жасап жүрген төтенше жағдайлар басқармасының мамандары байқап, дер кезінде құтқарып қалған болатын.

Брифинг барысында қазіргі таңда күн тәртібінен түспей тұрған тағы бір мәселе қозғалды. Ол – балалардың терезеден құлап кету жағдайы. Көбіне есін білмейтін 2 мен 4 жас аралығындағы балалар арасында аталған жантүршігерлік жайт жиі орын алады екен. Бұған, әрине, басты орында ата-аналардың баланы қараусыз қалдыруы себеп болып отыр. Еліміз бойынша аталған қайғылы жағдайға тап болған балалардың 70 пайызы ата-анасы көзден таса еткен 15 минут ішінде терезеге жақындап үлгерген көрінеді. Бұл есін білмейтін баланың қорқыныштан бейхабарлығының және оның шапшаң қозғалысының дәлелі. Сол себепті де қандай жағдай болмасын бала қауіпсіздігін, оның амандығын басты орынға қоя білу аса маңызды. Осы тұста үй терезелеріне тор орнатып, балкон есігін жауып жүруді естен шығармаңыз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**







# ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

***Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыра білу аса маңызды. Осы тұста қалалық бюджеттен мектеп жанындағы жазғы оқу-сауықтыру лагерьлеріне 21 млн 522 мың теңге бөлінді. Жаздың алғашқы айының 21-інен басталған лагерьдің бірінші маусымында 16 мектептен 765 бала қамтылды. Олардың қатарында оқу озаттары, көп балалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары, денсаулығында кінәраты бар балалар бар. Сонымен қатар биыл қосымша білім беру ұйымдарының балалары да тыс қалмады. Мысалы, қалалық балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығынан 211 бала лагерьге баруға мүмкіндік алды.***

Шілде айының 12-сі мен 29-ы аралығын қамтыған жазғы лагерьдің екінші маусымына 15 мектептен 678 оқушы қатысты. Жыл сайын лагерь жұмыстарына тыңғылықты дайындалып, балаларға қызықты демалыс ұйымдастыратын білім ошақтарының бірі – № 7 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейі.

– Біздің мектепте әр маусым сайын 60 бала лагерьге қатысты. Олар үш мезгіл тамақпен қамтылды. Түскі уақытта тынығып алулары үшін уақыт беріледі. Одан бөлек түрлі мәдени-спорттық шаралар ұйымдастырылды. Бұған қоса денешынықтыру, робототехника, ағылшын, ән-би курстары қатар жүргізілді. Ата-аналар да пандемия жағдайына қарамастан балалардың жазғы демалысының тиімді ұйымдастырылғанына дән ризашылықтарын білдіруде. Біз оқушылардың өздерін қауіпсіз сезініп, жоғары деңгейде тынығуы үшін барынша карантиндік талаптарды қатаң сақтап отырып жұмыс істедік. Жазғы лагерьде балалар бір-бірімен араласып, тіл табысуға бейімделеді, жаңа достар табады, жаңа қырларынан танылады, – дейді мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тоғжан Темірбекова.






Қалалық білім бөлімінің ықпалымен жезқазғандық өрендер мектеп жанындағы лагерьлерден бөлек республикалық оқу-сауықтыру орталықтарына баруға мүмкіндік алды. Биыл Алматы қаласындағы «Бөбек» оқу-сауықтыру орталығына 10 бала жіберілді. Сондай-ақ Балқаш қаласындағы «Балдәурен» лагеріне 30 оқушы жіберілсе, 100 бала Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданындағы «Березняки» санаторийіне барып, қызықты демалыс өткізді.

**Ай СҮГІР**

ҚЫЛМЫС пен ТҰРМЫС

# СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ҚҰЛДЫҚТАН ҚҰТҚАРАДЫ

***Бүгін, 30 шілде Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен Бүкіләлемдік адам саудасымен күрес күні деп бекітіліп, 2014 жылдан бастап халықаралық ұйым тарапынан аталып келеді.***

Адам саудасы – бұл ер азаматтар мен әйелдердің және балалардың адами құндылықтарын аяққа таптайтын ауқымды мәселе. Адам саудалаушылар құрбандығын алдап-арбап құлдыққа қинап көндіреді. Қоғамдағы адам саудасының ең көп тараған түрлері: сексуалдық құлдық, қинап жұмысқа жегу және қайыр сұрау.

Сарапшылардың бағалауы бойынша жыл сайын шамамен 2,5 миллиондай адам осындай қылмыстың құрбаны болады. Мұның өзі тек болжамды бағалау, себебі көптеген құрбан хабар-ошарсыз кеткен деп саналуы мүмкін.

Соңғы екі жылда Жезқазған қаласында адам саудасына қатысты қылмыстар тіркелмеген.



Егер Сіз немесе сіздің таныстарыңыздың бірі жалақы төлемеудің, демалыс күндері немесе еркіңізден тыс жұмыс істеуге мәжбүрлеудің, бостандықты шектеудің құрбаны болса **11616** сенім телефонына хабарласыңыз.

# САНАҚ ПЕРСОНАЛЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАБАРЛАНДЫРУ

***Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қарағанды облысы бойынша департаменті ақылы қызмет көрсету келісім шарты бойынша санақ персоналын қабылдайтынын хабарлайды:***

| | Нұсқаушы-бақылаушы | Интервьюер (тіркеуші) |
|---|---|---|
| **Жұмыс кезеңі** | 2021 жылғы 26 қыркүйектен бастап 7 қарашаға дейін | 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 30 қазанға дейін |
| **Негізгі функциялар** | Интервьюерлерді оқыту, интервьюерлер жұмысының сапасына бақылау жүргізу, санақ парақтарының толық толтырылуын, алынған алғашқы статистикалық деректердің қамтылуын және шынайылығын бақылау | Үй шаруашылықтары арасында үгіттеу-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, бекітілген тіркеу учаскесінде планшетте электрондық түрде халық санағын жүргізу. |
| **Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар** | Талдамалық ойлау, командамен жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау, ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жауапкершілік, этикалық нормаларды сақтау, нәтижеге бағдарлау | Барлық қажетті негіздерге назар аудару, көпшілдік, ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жауапкершілік, этикалық нормаларды сақтау, нәтижеге бағдарлау |
| **Еңбекақысы** | 125 мың теңге (жұмыстың барлық кезеңінде) | Орташа жүктеме 833 санақ объектісі болған жағдайда 104 мың теңге |

### Үміткерлерге қойылатын талаптар:

– жасы – 18 жас және одан асқандар;

– білімі – жоғары, техникалық және кәсіптік (орта арнайы), ортадан кейін, жалпы орта білім, еңбек өтіліміне қойылатын талаптарсыз

– портативті құрылғылармен – планшеттермен жұмыс істеу дағдыларына ие болу;

Санақтың нұсқаушы-бақылаушысы және интервьюерлеріне үміткерлер тек коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинацияның толық курсын алған жағдайда жұмысқа тартылады.

Үміткерлердің өтінімдері (түйіндемелері) Жезқазған қаласы статистика басқармасының **a.karaeva_@aspire.gov.kz.** электрондық мекенжайында және Жезқазған қ., Алаш алаңы 1, 205-каб. мекенжайында қабылданады.

**Өтінімде (түйіндемеде) міндетті түрде жасы, білімі, жұмыс тәжірибесі, қалаған лауазымы және үміткердің жұмыс істегісі келетін елді-мекен көрсетілуі қажет.**

**Анықтама телефондары: (7102)73-44-50, 73-44-25, 73-44-26, ұялы 8 777 705 54 45.**